

Жемісті жұмыстың есебін тарқатты

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Басқарма Төрағасы – Ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев онлайн және офлайн форматта есептік кездесу өткізді. Ректор жоғары оқу орнының білім беру және ғылыми-зерттеу жұмысы, инфрақұрылымын жаңғырту және әлеуметтік мәселелері туралы баяндады. Сондай-ақ 2020/21 оқу жылындағы негізгі нәтижелерді талдап, еліміздегі алдыңғы қатарлы университеттің алдағы даму жоспарын таныстырды.

Жиынға білім ордасының ардагер ұстаздары, профессор-оқытушылар қауымы және қызметкерлер, сонымен қатар облыстың қоғамдық бірлестіктерінің мүшелері қатысты.

Бүгінгі күні университет бакалавриаттың 65 және магистратураның 33 білім беру



бағдарламасы бойынша маман даярлайды. Оның ішінде білім беру бағыты бойынша – 46 пайыз, әлеуметтік ғылымдар және бизнес бағыты бойынша – 15,8 пайыз, өнер бағыты бойынша –

10,5 пайыз, жаратылыстану ғылымдары және басқалар – 9,2 пайызды құрайды. Білім беру бағдарламаларын даярлауға тәжірибелі өндіріс мамандары, жоғары категориялы мұғалімдер, жетекші

ғалым-практиктер тартылды. Білім беру бағдарламаларына сараптама жасалды.

Сонымен қатар Нұрлан Хабиболлаұлы «Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыратын оқу қызметінің негізгі түрі – кәсіби сараман. Сараманнан өту жөнінде 2018-2019 оқу жылы 841 келісімшарт жасалса, өткен оқу жылы 949 шарт жасалды. Шарттардың әрекет ету мерзімі – 1-5 жыл. Шарттар қала, облыс аумағындағы ұйымдармен ғана емес, сонымен қатар өзге өңірлердегі ұйымдармен, Ресей Федерациясы ұйымдарымен де жасалғанын» атап өтті.

Университет дамуында инфрақұрылым мен материалдық-техникалық базаны қолдау негізгі бағыт болып табылады. Осы мақсатта зертханаға қажетті құрылғыларды алу үшін білім ордасы тарапынан 121млн. тг көлемінде қаражат жұмсалды. Айта кетейік, педагогикалық білім беру жүйесі жылдан жылға жаңарып келеді. Ал, университет түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ЖОО білім сапасымен қатар, ұсынылатын техникаларды қарқынды жаңалап отыр.

Жалғасы 5-бетте.

Министр Аида Балаева БҚУ-да зиялы қауым өкілдерімен кездесті

2-бет

БҚУ мен АҚШ елшілігі арасындағы келісім

3-бет

НОВОСТИ МОН РК

3 стр.

Иванов оқулары – 2021

4-бет

Қос ардагерді құттықтады

8-бет

8-қазан күні Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауын іске асыру аясында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева жұмыс сапарымен Батыс Қазақстан облысына келді. Әкімдік активімен кездесуде министр мемлекет пен қоғамның дамуы орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың азаматтық қоғаммен, ғылыми және шығармашылық интеллигенциямен, жастармен тиімді өзара іс-қимылына тікелей байланысты екенін атап өтті.

Сонымен қатар жұмыс сапары аясында А.Балаева облыстың белсенді жастарымен кездесіп, Махамбет университетінің, Оқушылар сарайының жұмысымен танысып, «Атамекен» өнер ордасының салтанатты ашылуына қатысты. Сапар бағдарламасының маңызды бөлігі министрдің облыстық Қоғамдық кеңес мүшелерімен және шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен кездесулері болды. Аталған кездесулер барысында ағымдағы жылдың қаңтар айында «Қоғамдық кеңестер туралы»

Министр Аида Балаева БҚУ-да зиялы қауым өкілдерімен кездесті



Заңға енгізілген заңнамалық түзетулерді іске асыру, сондай-ақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жол картасын іске асыру сияқты маңызды мәселелер



талқыланды.

Сонымен қатар А.Балаева министрлік пен облыс әкімдігінің бірлескен жұмысының негізгі бағыттарына баса

назар аударып, өңірдің қоғамдық-саяси жағдайы саласындағы өзекті мәселелерді атап өтіп, жұмысты одан әрі жалғастыру бойынша ұсыныстар берді.

Ынтымақтастық туралы келісімге қол қою рәсімі өтті

2021 жылдың 20 қазанында «Адамның үйлесімді дамуының ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы мен «М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою рәсімі өтті.

«Адамның үйлесімді дамуының ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Вице Президенті Самсаев Иса Мусаевич пен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің басқарма төрағасы-ректорының міндетін атқарушы Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы Жарғының негізінде әрекет ететін, бірлескен тараптар арасында білім беру саласындағы өзара ынтымақтастықты одан әрі дамытуға уағдаласты.

Тараптар Меморандумды өзара тиімді ынтымақтастық, өзара түсіністік, құрмет пен сенім қағидаттарын еске



ре отырып жасалған деп есептейді. Тараптар «Өзін-өзі тану» адамгер-

шілік-рухани білім беру бағдарламасын дамыту және іргерілету саласындағы

ынтымақтастық туралы уағдаласты.

«Адамның үйлесімді дамуының ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы мен «М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою арқылы:

- ғылыми-зерттеу және оқу материалдарымен, жарияланымдармен және академиялық ақпаратпен алмасу;
- адамгершілік-рухани білім беру саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және олардың нәтижелерін білім беру ұйымдарының практикалық қызметіне енгізу;
- адамгершілік-рухани білім беру саласында сараптамалық зерттеулер жүргізу;
- адамгершілік-рухани білім беру саласында қоғамдық маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыстар жүргізетін болады.

«Ньюскилз» өкілдерімен кездесу өтті

Үстіміздегі жылдың 11-қазаны күні М.Өтемісов атындағы БҚУ басшылығының «Ньюскилз» ЖШС өкілдерімен онлайн кездесуі өтті.



Аталмыш шарада Владимир Литвинович халықаралық жоба аясындағы мүмкіндіктер мен оның жүзеге асырылуы туралы сөз қозғады. Сонымен қатар, екі тарап «Lerna» онлайн-курстар платформасы, GeekBrains ПОҚ біліктілігін арттыру және Skillbox білім беру платформалары мен қосымша курстарды ұйымдастыруда бағдарламалау, маркетинг, дизайн, басқару, аналитика және т.б. бағыттарды қолдану туралы пікір алмасты.

БҚУ мен ҚБТУ келісім жасасты

Ағымдағы жылдың 12-қазаны күні М.Өтемісов атындағы БҚУ мен ҚБТУ ректорларының, академиялық мәселелер бойынша проректорлар мен құрылымдық бөлім басшыларының, сонымен қатар, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі өкілдерінің қатысуымен онлайн кездесу өтті.

Аталмыш кездесу барысында БҚУ мен ҚБТУ арасындағы «Информациялық жүйелер», «Есептеу техникалары және бағдарламалық қамтамасыз ету» сынды білім бағдарламаларын жүзеге асыру және ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің қолдауымен ІТ мамандарды даярлау туралы айтылды. Екі тарап арасында бірлескен білім беру бағдарламаларын құру, БҚУ студенттерінің Minor бағдарламасын өтуі, академиялық ұтқырлық аясында студенттердің алмасуы мен Профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру туралы келісімдер жасалды.



БҚУ мен АҚШ елшілігі арасындағы келісім

13 қазан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне Нұр-Сұлтан қаласындағы АҚШ елшілігінің өкілдері келді. Қос тарап өкілдері осыған дейінгі ЖОО-лар мен шетелдік оқытушылар туралы тәжірибелермен бөлісіп, алған әсерлерімен бөлісті.



БҚУ-ға арнайы келген Эмбер Ора – мәдениет, білім және баспасөз істері жөніндегі атташе, Жанар Кулжаева – American Corners бағдарламасының үйлестірушісі университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы бірлесе жұмыс жасауға шақырды. Сонымен қатар, Академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы келетін оқытушыларға қойылатын талаптар мен жүктелетін жауапкершіліктерді де атап өтті. Университет ректоры Серғалиев келген қонақтарға Орал қаласының географиялық орналасуынан бастап, қала тарихын, университет бастау алған жылдардан бастап, бүгінгі күнге дейінгі кезеңдерді жіктеліп айтып берді.

Кездесу соңында екі жақ естелік сыйлықтарын тарту етіп, болашаққа деген зор үмітті артып, қол алысты.

Профессор из Польши в ЗКУ

ЗКУ им.М.Утемисова нацелен на активное вхождение в мировое образовательное и научное пространство и рассматривает международное сотрудничество и интернационализацию деятельности как одно из важнейших направлений развития. Важной характеристикой расширения международных научно-образовательных связей ЗКУ им.М.Утемисова является география привлечения иностранных преподавателей и ученых-исследователей и внешняя академическая мобильность. Целью привлечения зарубежных ученых в ЗКУ им.М.Утемисова является углубление сотрудничества с ведущими научно-образовательными центрами и организациями мира, продвижение ЗКУ им.М.Утемисова и интеграция в международное образовательное пространство, что является условием повышения его конкурентоспособности.



Профессор Анна Длужевска – доцент, заведующая кафедрой социально-экономической географии и туризма Быдгощского университета имени Казимира Великого (Польша), член правления «Туризм менеджмент» в период с 14.10.2021 по 13.11.2021 проводит лекционные и практические занятия по ОП 6В11101 Туризм на кафедре экономики и менеджмента. Также Анна Длужевска проводит мастер-классы для ППС и студентов/магистрантов по написанию совместных научных статей, по участию в научно-практических конференциях, научные консультации магистерских диссертаций. Преподаватели и студенты активно участвуют на занятиях профессора, проявляют огромный интерес, выступают с докладами и презентациями по актуальным вопросам социально-культурного влияния туризма, менеджмента и маркетинга в туризме.

А.Б. ЕГЗАЛИЕВА,
ст.преподаватель кафедры экономики и менеджмента

ҚР Білім және ғылым министрлігінің жаңалықтары Новости МОН РК

1 ҚАРАШАДА МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУ ҮШІН ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛАДЫ. Биыл 1 қарашада магистратураға түсу үшін екінші мәрте өткізілетін кешенді тестілеуге құжаттарды қабылдау басталады. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов әлеуметтік желілердегі парақшаларында магистратура мен докторантураға түсу бойынша қабылданған шешім туралы хабарлаған болатын. Енді оқуға қабылдау жылына екі рет өткізіледі. Байқауға жазда грантқа түсе алмаған үміткерлер де, бұрын кешенді тестілеуден өтпегендер де қатыса алады.

«Мұндай маңызды шешімдерді қабылдау кезінде министрлік студенттердің мүдделерін әрқашан бірінші орынға қояды. Бұған дейін Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мемлекеттік грантқа үміткерлер жылына екі рет, дәстүрлі түрде – жазда және қосымша қыста тестілеуден өте алатынын хабарлаған болатын. Енді талапкерлер 1 қарашадан бастап магистратураға түсу үшін екінші мәрте өткізілетін кешенді тестілеуге құжаттарын тапсыра алады. Тестілеуді сәтті тапсырған жағдайда үміткерлер жаз айында оқуға қабылдау қорытындысы бойынша бөлінген гранттарды ұтып ала алады», – деп атап өтті Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

Ендігі кезекте емтиханға тіркелу, мамандықтар бөлінісінде гранттардың саны туралы айтып өтсек. Екінші кешенді тестілеуге қатысу үшін тіркелу ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының app.testcenter.kz сайтында өтеді. Құжаттарды қабылдау 2021 жылғы 1-15 қараша аралығында жүргізіледі. Кешенді тестілеу 2021 жылдың 18 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін өтеді.

Магистратураға грантқа үміткерлер дәстүрлі түрде шет тілі, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша және оқуға дайындығын анықтау бойынша тест тапсырады. Шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаты бар адамдар автоматты түрде шет тілі бойынша тестілеуден босатылады. Тест нәтижелерін тестілеу аяқталғаннан кейін бірден білуге болады. Нәтижелерімен келіспеген жағдайда қатысушылар емтихан аяқталған соң 30 минуттан кейін онлайн-апелляцияға өтініш бере алады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде ғылыми-педагогикалық магистратураға түсу үшін шекті балл – 75, бейінді магистратураға түсу үшін 50 балды құрайтынын атап өткен жөн.

Магистратураға білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар 2021 жылғы 25 желтоқсанға дейін қабылданады. Магистратураға қабылдау 2021 жылғы 26 желтоқсан мен 10 қаңтар аралығында өтеді.

Магистратураға түсушілер барлығы 3 мыңнан астам мемлекеттік білім грантына үміткер бола алады. Мамандықтар бөлінісінде ең көп грант «Химия» (172 грант), «Ветеринария» (169), «Механика және металл өңдеу» (156), «Металлургиялық инженерия» (137), «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын мен конструкцияларын өндіру» (132 грант), «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы» (130) және басқа мамандықтар бойынша бөлінді.

ОКОЛО 6 МИЛЛИОНОВ ТЕНГЕ ПОЛУЧИТ ПОБЕДИТЕЛЬ РЕСПУБЛИКАНСКОГО КОНКУРСА «ЛУЧШИЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ ВУЗА - 2021»

Около 6 миллионов тенге получит победитель республиканского конкурса «Лучший преподаватель вуза - 2021». Прием документов для участия стартует 1 ноября и продлится до 15 ноября. В конкурсе могут принять участие штатные преподаватели вузов, которые имеют непрерывный научно-педагогический стаж не менее 5 лет и высокие достижения в преподавательской и научной деятельности. Целью конкурса является повышение престижа профессии преподавателя и стимулирование преподавателей вузов к дальнейшему профессиональному развитию. «Конкурс проводится в два этапа – внутривузовский и республиканский. Заявка и документы для участия в конкурсе «Лучший преподаватель вуза» принимаются в электронном формате посредством информационной системы МОН РК universitycontest.iac.kz. Экспертная группа из числа сотрудников и профессорско-преподавательского состава вузов проводит проверку всех поступивших документов. На основании заключения экспертной группы комиссия вуза выносит решение об участии конкурсантов во втором туре – республиканском. На республиканском уровне в комиссию включены представители НПО, СМИ, студенческих и молодежных организаций, ассоциации вузов, эксперты», – сообщил директор Департамента высшего и послевузовского образования МОН РК Адлет Тойбаев.

Отметим, что, помимо денежного поощрения за ежедневный труд, победители конкурса «Лучший преподаватель вуза» получат также нагрудный знак. Конкурс будет проходить на базе информационной системы, посредством которой участники смогут наблюдать за прозрачностью всех этапов.

КАЗАХСТАН БУДЕТ ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВОВАТЬ В СОВЕТЕ СОТРУДНИЧЕСТВА В ОБЛАСТИ ОБРАЗОВАНИЯ СТРАН СНГ В 2022 ГОДУ

Казахстан будет председательствовать в Совете сотрудничества в области образования стран СНГ в 2022 году. Также в стране пройдет VII Съезд учителей и работников образования государств-участников СНГ.

Такое решение единогласно было принято по итогам заседания Совета сотрудничества в области образования стран СНГ, которое в этом году состоялось в Армении. В нем принимали участие члены Совета от Казахстана, России, Кыргызстана, Узбекистана, Армении, Беларуси, Таджикистана, а также представители Исполнительного комитета СНГ и приглашенные лица. Казахстан представляла председатель Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки МОН РК Гульзат Кобенова.

В ходе обсуждения страны-участницы Совета отметили работу Министерства образования и науки Республики Казахстан в системе высшего и среднего образования: внедрение новых образовательных программ, принятие законодательных норм для обеспечения академической честности, беспрецедентное повышение заработной платы педагогов, работу по повышению квалификации кадров в системе образования, а также по улучшению законодательных норм для использования цифровых технологий в образовательном процессе.

«На заседании были обсуждены 19 вопросов. Совет утвердил межгосударственные программы и планы по сотрудничеству стран-участниц в сфере образования. Теперь государства будут усиливать работу в части обмена учащимися и научно-педагогическими работниками, расширять сотрудничество между вузами, заключать межгосударственные программы взаимодействия в сфере образования. Также было принято решение о расширении диапазона межгосударственного обмена информацией с использованием интернет-ресурсов, проведении совместных мероприятий по продвижению образовательных программ», – сообщила председатель Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки Гульзат Кобенова.

Тема VII Съезда учителей и работников образования государств-участников СНГ, который пройдет в Казахстане, будет посвящена новой реальности и трансформации образовательного процесса в постпандемный период.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА 300-ДЕН АСТАМ ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЕНГІЗІЛДІ

Олар еңбек нарығындағы заманауи сұраныстар мен жұмыс берушілердің мамандарға қоятын талаптарына сәйкес бейімделіп әзірленген.

Жаңа оқу бағдарламалары бойынша болашақ инженерлерді, құрылысшылар мен педагогтерді, менеджерлерді, экономистер мен заңгерлерді және басқа да мамандарды оқытады. Мәселен, «Ядролық медицина», «Smart City технологиялары», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау», «Білім берудегі физика», «Ғылыми тарих», «New media», «Тау-кен ісіндегі 3D модельдеу инженері», «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мен басқа да жаңа бағдарламалар бойынша.

Бұдан басқа, IT-мамандарға деген сұраныстың артуына байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласында да жаңа білім беру бағдарламалары енгізілді. Жаңа оқу жылынан бастап университеттер «Big Data Analysis» (ауқымды деректерді талдау), «Жасанды интеллект технологиясы», «Криптология», «IT-құқық», «Digital Engineering», «Робототехникалық жүйелер», «Data Science», «Киберфизикалық жүйелер», «Роботтандырылған пилотсыз ұшу аппараттары», «IT-менеджмент», «Цифрлық экономика» сияқты бағдарламалар бойынша мыңдаған болашақ бағдарламашыларды оқытады.

Айта кетейік, 2021 жылы АКТ саласындағы мамандарды даярлауға 10 мыңға жуық грант бөлінді, бұл 2018 жылмен салыстырғанда екі есе көп.

«Соңғы жылдары Қазақстанның еңбек нарығында IT-мамандарға сұраныстың күрт өсуі байқалады. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар өмірдің барлық саласына енгізілген. Жоғары оқу орнында мамандарға қойылатын қазіргі талаптарға сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын әзірледі. Білім беру бағдарламаларын енгізу барысында жоғары оқу орындары жұмыс берушілердің пікірлері мен сұраныстарын ескерді. Мысалы, жұмыс берушілер ақпараттық жүйелерді қорғау бойынша кадрлар даярлау қажеттілігі туралы хабарлады. Жаңа бағдарламалардың басты артықшылығы — олар еңбек нарығында қажет практикалық білім алуға бағытталған. IT бағыты бойынша көп жаңа бағдарлама бар. Мәселен, IT-құқық, IT-медицина», — деді ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Әділет Тойбаев.

Иванов оқуларының ширек ғасырдан астам тарихы бар. Ғалымдардың басын қосатын дәстүрлі жиында қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселелері талқыланып, өңірдің биоалуан түрлілігін сақтаудың маңыздылығы айтылады. Бұл жолы да өңірдің экологиясына қатысты түрлі баяндама оқылып, талқыға түсті.

Иванов оқулары – 2021



БҚУ-да өткен жиынға ғалымдар, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, магистранттар, студенттер қатысты. Айта кетейік, Иванов оқуларына қызығушылық жылдан жылға артып келеді. Конференцияда Орал өңірінің экологиялық, биологиялық ахуалы туралы ғылыми жұмыстар сарапталып, алынған мәліметтер бойынша ұсыныстар беріледі. Всеволод Иванов солтүстік Каспий маңының табиғатын зерттеуге арналған 100-ден астам экспедицияға қатысып, 300-ге тарта ғылыми жұмыстар мен монографиялар жазды. Ғалымның аймақтың өсімдіктер және жануарлар әлемі, топырақ құрамы турасындағы ғылыми жұмыстары бүгін де маңызын жойған емес. Сондай ақ ол Қарашығанақ кеніші аумағында табиғи және техногендік факторлардың қоршаған ортаға әсері, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру жолдары туралы да зерттеді. Жарты ғасырда ғалым жүздеген шәкірт тәрбиелеп өсірді. Солардың бірі Виктор Фомин, Ивановтың еңбектерін өз жұмысында әлі күнге пайдаланатынын айтады.

- Мен Ивановтың шәкіртімін. Оның дәрістеріне қатысып, лекцияларын тыңдадым. Сондықтан өз қызметімде ол қалдырған ғылыми мұраны кеңінен пайдаланамын. Өйткені ол ерек тұлға, даламыздың табиғатын тереңнен зерттеген жан. Оның еңбектері балалар туризмі үшін де маңызды дейді, - БҚО Балалар, жасөспірімдер туризмі орталығының директоры Виктор Фомин. Конференцияда сондай ақ облыстың экологиялық мәселелері талқыланып, табиғи резерват жобасы, жаратылыстану ғылымдарын оқытудағы әдістемелік тәсілдер талданды.

Әуелеп ұшқан алты академик

Қазақ әдебиеттану ғылымының соңғы алыбы - академик Серік Қирабаев дүнеден өтті. 4-курс студенттеріне Қазақ әдебиеті сынының тарихынан дәріс оқимын. Алғашқы сабақта әдеттегідей пайдаланылатын әдебиеттер тізімін жаздыра бастаймын да сұрақ қоямын:

- "Әуелеп ұшқан алты қаз" қай жырдан?

Жауап: - Ой, ағай, "Қыз Жібек" қой деген дауыс естіледі

- Дұрыс деймін даусымды созып.

- Ал, ендеше, Әдебиеттану ғылымы бойынша әуелеп ұшқан алты академикті атап жіберіңдерші!, деймін даусымды өзгертіп.

Дәрісхана үнсіз қалмайды, әр тұстан әрқилы жауаптар естіле бастайды. - Ендеше дәптерлеріңе жазып алыңдар, деймін де санамалай жөнелемін:

1. Академик Қажым Жұмалиев; 2. Академик Мұқамеджан Қаратаев; 3. Академик Серік Қирабаев; 4. Академик Зәки Ахметов; 5. Академик Рахманқұл Бердібаев; 6. Академик Зейнолла Қабдолов. Сосын айтамын: - Осы ғұламалардың әрқайсысында 20-30 зерттеу еңбектері, оқулықтары мен монографиялары бар. Осыларды оқып, тауысқан адамға әдебиеттану ғылымын меңгерді деп есептеп, зәчетты автомат қоямын, деп қызықтырып жіберемін.



ҚОРҒАНЫС

- Мәә, ағай, рас айтасыз ба, шын ба, деп шәкірттер кетеді ойланып. Міне, бұл күнде сол әуелеп ұшқан алты академиктің соңғысы кетті аспанға. Ұлт әдебиеттануы жетімсіреп қалғандай ма, біртүрлі...

Мен үшін академик Серік Қирабаевтың орны ерекше. 2000 жылы мамыр айында ұстазым, профессор Серік Мақыпұлының ғылыми жетекшілігімен "Фариза Оңғарсынованың лирикасы" тақырыбында кандидаттық диссертациямды сәтті қорғадым. Рәсім-талапқа сай 1-ғылыми оппонентім Серік Қирабаев болса, 2-ғылыми оппонентке ф.ғ.к. Шәмшібай Сариев бекітілді. Қорғауда кеңес мүшелерінің қатарында Сер-Аға да (С.Қирабаевты Зейнолла Қабдолов осылай атайтын) ғылыми еңбегіме жылы пікірін білдіргенде, балаша қуанғандым қалайша ұмытайын.

Енді міне "Әуелеп ұшқан алты академик"те жоқ, ғылым жолына бастаған Мақыпұлы Серік ағам да, қорғауыма төрт күн қалғанда жетелеп апарып Фариза апаммен таныстырған Шәмшібай аға да, "Айналайын, Зейнолла! Ризамын!"-деп кітабына қолтаңба қалдырған Фариза апам да жоқ. Тек олардың қорғаныш бол берген ақ баталары қалды. Жандарың жәннатта болсын, жақсыларым!

Зейнолла МУТИБЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
БҚУ қауымдастырылған профессоры, доцент

Криминалистикалық полигондағы семинар



2021 жылдың 25-27 қазан күндері Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университетінің, Тарих, экономика және құқық факультетінің, құқықтық пендер кафедрасының доценті Кустаулетов Хамидолла Мухитович пен оқытушы Казиев Тайман Исмагулович дуалдық оқу жүйесі бойынша криминалистикалық полигонда семинар сабағын өткізді.

Басқарма басшысы, полиция полковнигі Магзумова Айкумыс Тулеушевна студенттерге жедел криминалистикалық зертханамен таныстырып, жұмыс барысының қалай жасалатындығын түсіндірді. Сонымен бірге кинолог маман өздерінің қалай іс әрекет жасайтындығын студенттерге көрсетті.

Басқарма басшысы, полиция полковнигі Магзумова Айкумыс Тулеушевна қан іздерін топтастырып оларды сараптамаға қандай жолмен жіберу керектігін түсіндірді. Сонымен қатар іздерді қалай алу керектігін мысалмен айтып, анықтап көрсетті.

М.Өтемісов атындағы БҚУ-да Батыс Қазақстан облыстық Полиция департаментінің ұйымдастыруымен терроризмге қарсы дайындық бойынша сабақтар өткізілді. Осы мақсатта оқу орнының қызметкерлерімен қатар 500-ге тарта студенттері қамтылса, оларға БҚО ПД және ҚР ҰҚКД қызметкерлері бірінші кезектегі қауіпсіздік шаралары жайында ақпараттар берді. Құзырлы орган өкілдері терроризмге қарсы қорғалу саласының заңнамалары туралы дәрістер оқып, лауазымды тұлғалар мен жалпы қызметкерлердің іс-қимылдары бойынша нұқсаулықтармен таныстырды.

ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ студенттерге сабақ өткізді

Студенттерді замануи қала өмірінде болуы ықтимал оқыс жағдайларда аман қалу үшін зейінді, қырағы және байқағыш болуға шақырды. Теороризмді болдырмай, төтенше жағдайлардың алдын-алу мақсатында университет білім алушыларына арнайы жаттығулармен видео сабақтар жүргізді. Мұндай іс-шара тек БҚУ-да емес, барлық оқу орындарында жүргізілетін болады.

Бас қосуда студенттер мен оқытушылар тренинг пен викториналық ойындарға белсенді қатысты. Өзара пікір алмасып, мамандармен ашық сұхбат өрбіді.



өткен жылдарға қарағанда бірнеше есе жоғары болды. Мысалы, 2017 жылы – 11,2 млн тг-ні құраса, биылғы жылы 53,2 млн теңгеге жетті. Мұның басты себебі - қаржыландыру көздерін әртараптандыру. 2020 жылғы зерттеу нәтижелері бойынша 495 мақала жарияланды, оның ішінде 23-і Scopus және WoS импакт-факторы бар журналдарда (13-і 50 процентильден жоғары). Авторлық құқық туралы 16 куәлік алынды және 18 монография жарияланды.

2019 жылы 625 мақала жарық көрді, оның 439 - ы республикалық конференция жинақтары мен журналдарда, 186-сы шетелдік журналдар мен жинақтарда жарияланды. 2017 жылмен салыстырғанда ККСОН мақалалар санының 15% - ға артқаны байқалады.

«Сонымен қатар, білім беру сапасына кепілдік

нәтижесімен бөлісіп, биылғы жылы оқытушылардың жалақысының өсу қарқынына назар аударды. 2020 жылы университеттің материалдық-техникалық базасын жаңғырту, білім алушылар үшін санитарлық-гигиеналық нормаларды қамтамасыз ету және студенттердің тұрмысын жақсарту мақсатында №6 оқу корпусын жөндеу және ДСК құрылысына ЖСҚ әзірлеу және ЖСҚ сараптамасы, Чапаев көшесі бойында қазандығы бар 500 орындық жаңа жатақхана салу бойынша алдыңғы жылдардың бюджеттен тыс қаражаты есебінен 768,2 млн. теңгеге жұмыстар жүргізілді.

Міндет-еңбек нарығында бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Есептік кезеңде тәрбие үрдісінің бағыттары бойынша 126 кураторлық сағат және 240

Жемісті жұмыстың есебін тарқатты

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Мамандарды даярлауда басым бағыттардың бірі көптілді тұлғаны қалыптастыру. 2020/21 оқу жылында «Биология», «Химия», «Физика», «Информатика» оқу бағдарламалары бойынша 200-ден астам студент тіл тасымалдаушыларымен ағылшын тілінде білім алды. Сабақтар онлайн форматта өткізілді. 2021 жылы екінші толқыны жүзеге асып, 48 ағылшын тілінде білім алатын топтардағылар халықаралық СЕРТ (Cambridge English Placement Test) B2 деңгейіндегі (Upperintermediate) сертификатына ие болды. Сонымен қатар, дәл осы өзге ұлт өкілдерімен дайындалып, психолого-педагогикалық бағыттағы онлайн курсқа қатысқан 70 қатысушы халықаралық Educare сертификатына ие болды.

Қазақ филологиясы кафедрасының 25 студенті мен магистранттары ерікті, PhD Ялчин Юрдакулмен түрік тілінде білім алуда. Аталмыш жоба Қазақстандағы Түркия Елшілігінің қолдауымен жүзеге асырылды. Ал, 2021 жылдың 20 наурызынан бастап ҚР-дағы Италия Елшілігінің қаржылай қолдауымен БҚУ-да итальян тілін үйрету мақсатында Неаполь қаласындағы серіктес университеттен Мария Кьяры Мартира есімді оқытушы шақырылды.

Есеп барысында ректор Нұрлан Хабиболлаұлы қос дипломды білім беру аясындағы жетістіктер мен білім берудегі цифровизацияға да тоқталып өтті. Аудиториялардағы желі жылдамдығы мен қажетті құрылғыларға да назар аударды. Қашықтықтан оқыту процесіндегі атқарылған жұмыстарға және қосымша сатып алынған құрылғылар туралы сөз қозғады.

Өз кезегінде ректор Серғалиев: - Университеттің кадрлық саясатының басым бағыттарының бірі профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру,- деді. Университет жаңа формациядағы профессор-оқытушылар құрамын қалыптастыру бағытында белсенді жұмыстануда. Қазіргі уақытта мақсатты орындар мен университет қаражаты есебінен Қазақстанның жоғары оқу орындары докторантурасы мен Ресей жоғары оқу орындары аспирантурасында 57 қызметкер білім алуда (докторантура – 18, аспирантура – 39).

Биылғы жылы ғылыми жобаларды қаржыландыру да



беру мақсатында оқу жылы ағымында 57 білім беру бағдарламасы Халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден өтті. Сапа менеджменті жүйесі шеңберінде коммерциялық емес акционерлік қоғам формасына көшуге байланысты бөлімшелердің ішкі нормативтік ережелеріне және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, сондай-ақ сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комитет пен комиссиялар құрылды, сараптамалық комиссиялар жұмыс істейді, білім алушылар мен оқытушылар арасында мониторинг жүргізіледі»- деді, Нұрлан Хабиболлаұлы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар мен мониторингтік зерттеу жұмыстары туралы да ақпарат берілді. БАҚ өкілдерімен жүргізілген іс-шараларға тоқталып, университеттің медиа саласындағы міндеттері туралы да айтып өтті. Қызметкерлер мен оқытушыларды ынталандыру үшін ұйымдастырылған байқаулар

іс-шара өткізілді. Студенттермен тәрбие жұмысының негізінде бағдарламалық мақалалар бағыты: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры». Өткізілетін іс - шаралар туралы жүйелі түрде ақпарат алу, студенттерді ақпараттандыру үшін 2020 жылы CALL-орталық құрылып, 2021 оқу жылында жұмысын белсенді түрде жалғастырды. Деканаттарда студенттерге жүргізіліп жатқан оқу – ғылыми – тәрбие жұмыстары туралы ақпарат беретін жедел желі жұмыс істеді. Instagram, Facebook, Whatsapp әлеуметтік желілерінде университеттік парақшалар ашылды. Жиын соңында, сөзін тізгіндеген Нұрлан Хабиболлаұлы «ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылымды, білім мен өндірісті интеграциялау жөніндегі іс қадамдары аясында біз жоғары оқу орнының ғылыми әлеуеті мен материалдық-техникалық базасын республикамыздың білімін, мәдениетін, экономикасын дамыту үшін тиімді пайдалана отырып, бар күш-жігерімізді жұмсауға дайынбыз» - деді.

«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы»

Қазан айының алғашқы мерекелері қарттар және ұстаздар мерекесі тоғысқан күніне орай жартылыстану-география факультетінде «Ұстазы жақсының-ұстамы жақсы» атты ардагер ұстаздармен кездесу кеші өткен болатын. Алғашқы сөз кезегін факультет деканы Турғумбаев Ахан Асқарұлы алып, кездесуге арнайы шақырылған қонақтарымызды таныстырып, оларды мерекелерімен құттықтап, алғысын білдірді.



Жасұрпақтың ұлы мұраты жолында ұзақ жылғы жемісті еңбек еткен Құлмалиева Сұлушаш Сүндетқалиқызы, Рамазанов Серік Кішібекұлы, Амельченко Валентин Иванович секілді ұстаздарымыз көпке үлгі - өнеге болған еңбек жолдарынан естеліктер келтіріп, өздерінің ақыл-кеңестерін берді. Мұғалім атты қиындығы мен қызығы қатар жүретін мамандықты таңдағаннан бастап, осы күнге дейінгі есте қаларлық сәттерді еске алды. Сұлушаш Сүндетқалиқызы өз қаламынан туындаған шығармалары жазылған кітабын табыстап, «Бүгінгі шәкірт — болашақ

ұлағатты ұстаз сіздерсіздер! Сіздерге — Ақ жол!» деп ақжарма тілегін жеткізді.

Кеш көрермендері болған «География» мамандығының 1-4 курс студенттері көкейлерінде жүрген сауалдарын жолдап, ұстаздарымыз тағылымға толы ойларымен бөлісті.

Кездесу соңында кафедра оқытушылары пікірлерін білдіріп, ардагер ұстаздарға гүл шоқтары табысталды.

География мамандығының 4-курс студенттері

2021 жылдың 20 қазанында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «КАЗАЭРОНАВИГАЦИЯ» РМК өкілдерімен 3, 4 курс студенттері және өткен жылғы түлектердің қатысуымен кездесу өткізілді. Кездесу студенттерге, түлектерге кәсіптік бағдар беру, сондай-ақ ұйымдағы оқыту мен одан әрі жұмысқа орналасу мәселелерін түсіндіру мақсатында ұйымдастырылды.

ӘУЕГЕ ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРДЫ

«Казэронавигация» республикалық мемлекеттік кәсіпорны - Қазақстан Республикасындағы аэронавигациялық қызмет көрсететін ірі кәсіпорын. Кәсіпорынның мақсаты - Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардың аэронавигациялық қызметтерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру және азаматтық авиация өнеркәсібінің авиациялық кадрларды даярлау мен медициналық қамтамасыз етудегі қажеттіліктерін қанағаттандыру. Миссиясы - аймақтағы авиация мамандарының біліктілігін арттырудың бірыңғай жүйесі.

Жиын модераторы-Айгүл Жаксыбайқызы Султанғужиева – М. Өтемісов атындағы БҚУ Мансап және жұмыс орналастыру орталығының жетекшісі. Жиналыс спикерлері:

Омарова Гүлназ Арыстанқызы - «Казэронавигация» РМК орталық аппаратының персоналды оқытуды ұйымдастыру бөлімінің басшысы, Нұр-Сұлтан қ., Сүлейменов Ақжігіт Есенәліұлы - «Казэронавигация» РМК Орал қалалық филиалының директоры, Маяшев Артур Ерланұлы – Орал қалалық филиалының диспетчері.

Кездесу барысында студенттер мен түлектер өздерін толғандырған сауалдарға жауап тауып, сұранысқа ие салаға өз қызығушылықтарын танытты.



Өмірі тәрбие мен біліммен өрнектелген

Ұстаз мамандығы адамнан терең білімді ғана емес, рухани күш, төзімділік, тіпті батылдықты талап етеді. Ал мұғалімнің тәжірибесі неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым ол өзінің сүйікті мамандығына және таңдаған жолына адалдығын дәлелдейді. Сондай тәжірибесі мол, Ұстаз деген жоғары және асыл атқа лайық адам - тарих ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті Қужабергенова Хамида Ихсанқызы. Хамида Ихсанқызының өмірбаяны кәсіби, шығармашылық және ғылыми өсудің табысты үлгісі бола алады.

Қужабергенова Хамида Ихсанқызы 1946 жылы 27 шілдеде Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы (бұрынғы Камен ауданы) Подтяжка елді-мекенінде дүниеге келген. 1965 жылы II Чиза орта мектебін бітірген. 1969 жылы А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институтқа түсіп, 1974 жылы «тарих және педагогика» мамандығы бойынша үздік белгімен аяқтаған. Институтта оқып жүрген кезінде оқуға деген ынтасы, ғылыми-зерттеу жұмысына деген бейімділігімен ерекшеленді. Білім нәрімен сусындағын өмірінің осы бір тамаша сәттерінде Хамида Ихсанқызының ғылыми-педагогикалық қалыптасуында үлкен рөл атқарған тарих факультетінде жұмыс істеген Ольга Ивановна Гришина, Артем Филиппович Абоян ... сияқты тамаша оқытушылар галереясы болды. Олар Хамида Ихсановнаның ғылыми-педагогикалық жағынан қалыптасуында ерекше орын алды. Хамида Ихсановнаның еңбекқорлығы мен білімге ұмтылысы олардың назарынан тыс қалмай, институтты бітірісімен А.С.Пушкин атындағы институттың «КСРО тарихы» кафедрасына жұмысқа қабылданады. 1977 жылы «СОКП тарихы» кафедрасына аға оқытушы болып ауыстырылады. Бұл кейін Хамида Ихсановнаның партиялар тарихының білігіріне айналуына негіз салды. Партиялар тарихын терең оқу мен талдау жұмыстары нәтижесінде 1988 жылы 07.00.01. «КПСС тарихы» мамандығы бойынша Қырғыз мемлекеттік

университетінің Ғылыми Кеңесінде кандидаттық диссертациясын қорғайды.

1990 жылдан «жалпы тарих» кафедрасы меңгерушісі болып қызмет атқарады. 90-жылдардың басындағы қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістер, оның білім және ғылым саласына әсер ету жағдайында Хамида Ихсановнаның өз біліктілігімен кафедра меңгерушісі ретінде жаңаша өзгермелі жағдайға қарай жұмысты ұйымдастыра алды.

1993-1996 жж «Тарих және құқық» факультеті деканы қызметін атқара отырып, ол өзінің ұжыммен жұмыс жасаудағы, нақты шешімдер қабылдаудағы табандылығын көрсетті. Осы жылдарда факультеттің басқа жоғарғы оқу орындарымен байланысын жолға қойып, білім берудің жаңа формаларын енгізу жұмыстарының шебер ұйымдастырушысы екенін көрсетті. 1996-2007 жж. «Жалпы тарих» кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарады. Бұл жылдар университет өмірінде сапалы өзгерістердің жүзеге асқан кезі болды, кафедрада жаңа мамандықтар ашылып, оқытудың кредиттік жүйесі енгізілді. Хамида Ихсановнаның басшылығымен кафедра ұжымы жаңа курстар, жұмыс бағдарламаларын жасап, жаңа пәндер бойынша тест сұрақтары мен силлабустар құрастырды. Кафедрадағы қолайлы шығармашылық және ғылыми жұмыстардың атмосферасы оң нәтиже берді және қойылған барлық міндеттерді шешуге көмектесті.

Ұзақ жылдар бойы атқарған еңбегі еленіп, 1995 жылы 15 наурызда Қазақстан Республикасының ғылым саласындағы ерекше үлесі үшін «Қазақстан республикасының білім саласының үздігі» төсбелгісімен, 1997 жылы білім саласы және жастарды тәрбиелеуге қосқан еңбегі үшін Қазақ Республикасының Құрмет грамотасымен және 2001 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Педагог ретіндегі Хамида Ихсанқызының негізгі өмірлік ұстанымдарының бірі-үнемі өзін-өзі жетілдіру

мен талапшылдық, ең алдымен өзіне талап қоя білу. Факультет түлектері оның орта ғасырлар тарихы, тарихнама, деректану және Ресей тарихы бойынша сабақтарын ризашылықпен еске алады. Оның сабақтарында әрқашан шығармашылық рух басым болып келеді. Кең ауқымды эрудитті және құзыретті мұғалім бола отырып, ол оқушыларды ойлауға, ойлануға үйретеді, белгілі бір көздерден білімді өз бетінше алу мүмкіндігіне үлкен мән береді. Мұның өзі қазіргі таңдағы білім берудегі білу, жасай білу және қолдану дағдыларын қалыптастыруға ауадай қажет.

Қазіргі таңда Хамида Ихсанқызы дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының доценті ретінде өзінің өмірлік тәжірибесі мен білімін жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге үлес қосып келеді. Жас мамандарды даярлауда үлкен жұмыстар атқарып, бакалаврлар мен магистранттарға әртүрлі курстар бойынша дәрістер береді. Педагог және ғылыми кеңесші ретінде Хамида Ихсанқызының айрықша ерекшелігі - студенттер мен магистранттардың оқу және ғылыми қызметін сыни, бірақ ізгілікті талдаумен қатар, шын мәнінде жан-жақты білімі мен зеректігі. Осы күнге дейін Хамида Ихсанқызы үздіксіз шығармашылық қозғалыста: ол әлемдегі заманауи үдерістерді талдайды, ғылыми мақалалар жазады, студенттерді ғылыми конференцияға қатысуға дайындайды, баяндамалар жасап, конференциялар мен дөңгелек үстелдерге қатысады. Ол бірқатар жарияланымдардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы.

Хамида Ихсанқызы жастарды ұрпақ сабақтастығы рухында тәрбиелеуге үлкен мән береді, осыған орай ол ардагерлермен кездесулер өткізуді ұйымдастырып, студенттерді факультеттің бай тарихы мен дәстүрімен таныстырады.

Хамида Ихсанқызы өзінің әріптестеріне деген сезімталдығы мен мұқият қарым-қатынасы және жастарға деген құрметпен қарайтыны үшін үлкен құрметке ие. Бұл адамға сарқылмайтын өмірлік энергия, жақсы көңіл-күй мен кез келген жағдайда жақсы көңіл-күйді сақтай білу сияқты маңызды қасиеттер тән. Ол тек тамаша оқытушы, ғалым ғана емес, сонымен қатар үйі мен отбасына жайлылық пен жылылық атмосферасын қалыптастыра білетін тамаша үй иесі, ана әрі әже.

Ұлы орыс жазушысы Лев Толстой: «Ұстаздық мамандық - жоғары және мәртебелі мамандық. Ұстаздың тәрбиесі мен білімін алған мұғалім емес, керісінше ішкі сенімі бар адам мұғалім болуы керек, оның басқаша болуы да мүмкін емес ...» деп айтқанындай дәл осы Хамида Ихсанқызының ішкі сенімділігі мен өмірлік ұстанымдары оған таңдаған кәсіби саласында осындай нәтижеге жетуге мүмкіндік берді. Терең білім, эрудиция, еңбекқорлық, сүйкімділік, қызығушылықтары мен таланттының кең ауқымы - бұл адамның сан қырлы және жан-жақты өмірінің негізі болды.

Хамида Ихсанқызы! Сіз қоғамның әрбір жаңалығын жылы қабылдап шәкірттердің бойына жеткізе білгеніңізбен қатар, бойыңыздағы бар жинап - терген біліміңізді студенттер мен магистранттардың санасына сапалы етіп сіңіре білдіңіз, балаларыңыз бен немерелеріңіздің білімді, парасатты болып шығуын мақсат еттіңіз. Ол арманыңыз өзіңіздің ерен еңбегіңіздің арқасында орындалды. Кафедра ұжымы осындай тамаша педагог, шынай адам ретінде сізбен әріптес болғанымызды мақтан ете отырып, кафедра, факультет университет үшін атқарған қызметіңізге орасан зор алғыс білдіреміз. Сізге денсаулық, жақсы көңіл-күй мен өзіңіздің алдыңызға қойған көптеген мақсат-міндеттердің шешімін табуға қажетті күш-жігер тілейміз.


Алтынай ЖУРАСОВА,
Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к.

Шұрылалы шын

Құрметті, Раушан Жаңабайқызы! Ұстаздар мерекесін сәтті пайдалана отырып, өткен туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймын! Ұстаздық тәлім беру жолыңызда шәкірттеріңіздің ақылмен ойлап, парасатпен пайымдауды үйретуде еңбегіңіз сіңіп келеді. Олардың жарқын болашаққа жасаған әр қадамына елеулі үлес қосып, шын ниетпен жасаған әрекетіңіздің жемісі өзіңізге, одан әрі университетімізге үлкен абырой әкеліп отыр. Білімнің қайнар бұлағын бойға сіңіртіп, ойға қуаттау сіздей мықты ұстаздың ғана қолынан келмек. Әр шәкірттің мәртебеге жетіп, білім көкжиегінің сапасын арттырудағы еңбек жолыңыз біздің құпия құштарлығымызды арттырып келеді. Осындай елеулі еңбектердің арқасында шұғылалы шыңның белесін асып, кемеңгерлікке қол созып келе жатқан дарындылар көбейгені біліктілігіңіздің тағы бір дәлелі болып отыр. Санасы сәулеленген шәкірттеріңізден әр сөзіңіздің ақылдың көзі екендігінің жемісін көрсетіп, абыройлы жетістікке жетіп жатыр. Ісіңіз ілгерілей түсіп, жақсылықтың көшін жалғайтын тәлім алушыларыңыз көбейе берсін. Абыройыңызға қылаудай дақ түспесін. Ізгілік атаулының барлығы бойыңызға дари берсін. Сіздей жанның тәлімін алып, асылдың сынығына қосылудың өзі бір арманның орындалғаны деп білемін! Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, жұмысыңызға табыс тілеймін!

Данара ТУЛЕГЕНОВА,
ФИЛ-21 топ студенті





ФИЛОЛОГИЯ факультеті

«Күзгі бал - 2021»

Біздерде ойын - сауық басталады. Тамаша күй тартылып, ән салады. Қошеметтеп қол соғып отырарлық, Ұмытармыз күні бойы шаршағанды. Аққудай әдеміміз, сұлу жанбыз, Жан сұлуы мен тән сұлуын тепе - тең ғып,

Еріксіз өзімізге қаратамыз, - деп, ағымдағы айдың 18-ші жұлдызында «Күзгі бал-2021» шарасы өткен болатын.

Алтын күз біз бен сізге шуақ шашсын,
Көңілді серіппелі күйін ашсын.

Бақ пенен шаттық бірге қатар қонып,
Береке бірлікпенен ортақтассын.

Көңіл қойып, құлақ салыңыздар,- деп шарамыздың шымылдығын «Бұлбұлым» әнімен Утемисова Назерке ашқан болатын.

Он саусақтан өнер тамған шебер болу керемет,
Өлең айтып, би билеп, жасап жатсаң текемет,
Өнеріңді көрсетші құрбыларым, қанекей,
Қатысушыға сөз берелік біз жекелеп-деп мәнерлеп
қудан бағдарламыз жалғасты.

Қатысушылар гитараның сүйемелдеуімен жастар-



дың сүйіп тыңдайтын заманауи әндерінен попури орындады.

Шараның қызығын «Перваштар» жайдарман тобы келтірді. Студенттік өмір мен қызығы мен шыжығы мол жатақхана өмірінен көріністер қойды. «Күзгі бал-2021» шарасының әдемі нүктесін қойған студенттік жұптарымыздың вальсі болды. Шара өте жоғары деңгейде өтіп, көрермендеріміз көңілді кештің куәсі болды.

Мерейім ГАЙНУЛЛИНА,

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті

«Табиғат тазалығы – халық саулығы»

«Адамның табиғатсыз күні жоқ,
Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.»

Табиғат аясын аялау, жер анамызға көк аспанмен, жасыл ағаш үшін алғыс білдіру қиын емес. Қарапайым өз қоқысымызды жинап жүру, табиғаттың тазалығына үлкен көмегін тигізеді. Ақ Жайығымның жағасындағы қоқыстарды көрген кезде, көзге еріксіз жас келеді. Әрине, кінә өзімізден.

Жасыл қала Оралымыздың тазалығы үшін жалпы сенбілік барысында қыркүйектің 25 жұлдызында Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан Университетінің Филология факультетінің студенттері қатысты. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, сенбі күні «Қаламыздың тазалығы үшін» деген ұранмен қолға сыпырғыш пен күрек алынды. Сенбілікке Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан Университетінен 3 автобус бөлінді. Бір жағынан табиғатымыздың ластануымен күресек, екінші жағынан таза ауада қызықты күн өткіздік десек те болады. Студенттер қала сыртына қоқыс жинауға қуана келісті, себебі біздің болашағымыз өз қолымызда екендігі барлығымызға мәлім. Сенбіліктен келген студенттер өз ойларын өзгертіп, қаламызға қанша сенбілік ұйымдастырылса да, әр адам өз қоқысы үшін жауап беруі тиіс деген бір ойға келді.

Филология факультетінің студенттері қала шетіндегі



сенбілік жұмыстарынан 30 шақты қоқыс шығарды. Қаламыздың әр тұрғыны таза ауамен дем алып, таза қалада қозғалғысы келеді, дегенмен өз қоқыстары үшін жауап бере алмай, тазалыққа жауап беретін қызметкерлерді кінәлап жатады.

Сондықтанда филология факультетінің студенттері қала тұрғындарын «Қаламыздың тазалығы өз қолымызда»- деп сенбілікке шақырады!

Бибі ЖАЙЫҚ,

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті

Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Жылда жаңа оқу жылымен қатарлас келетін Ұстаздар күні де күздің үлесіне тиіпті. Осыған орай, қазан айының 1-ші жұлдызы, «Ұстаздар күніне» арналған БҚУ-дың филология факультетінің студенттерінің ұйымдастырумен «Ұстаз аты биік әрі мәңгілік» атты мерекелік жиын ұйымдастырылды. Салтанатты шара филология факультетінің деканы Айдарбек Ахметұлының алғашқы сөзімен ашылды. «Сіздерді Ұстаздар күні мерекесімен шын жүректен



құттықтаймын! Ұстаздар күні – бұл дәстүрлі әрі бүкіл-халықтық мереке десек артық айтқандық болмас. Ұлы ғұламалардың да ұстазы болған. Абыройлы міндетті ақаусыз атқарған мұғалімді халқымыз қашанда ерекше құрмет тұтқан. Ұстаздың әр адам жүрегінен алатын орны айрықша, қолына қалам ұстатып, алғаш әліппені үйреткен мұғалімін жылылықпен еске алмайтындар кемде кем. Ұстаздарымызға арнап басымызды исек те артық кетпегеніміз болар», дей келіп, – құттықтауда Ұстаз сөзінің қасиетті ұғымдардың қатарынан орын алуының өзінде үлкен мән жатқандығын атап өтті.

Сонымен бірге филология факультетінің оқытушысы Сисенбаева Раушан Жанабайқызының мерейлі 50 жасы да осы мерекемен тұспа-тұс келген болатын. Осы мерекені пайдалана отырып Раушан Жанабайқызының 2020 жылы бітіріп кеткен түлектері келіп, аяулы ұстаздарын айтулы мерекесімен бірге, мерейлі туылған күнімен құттықтап, өз алғыстарын айтты. Жиын қонақтары деканат өкілдері, кафедра оқытушылары және университетіміздің ұлағатты ұстаздары қатысып өз кезегінде алғысын білдіріп, Ұстазға арналған мерекенің адамзаттың даму тарихында қашан да болса алар орны бөлек, жүрек лүпілінен шыққан ұстазға деген құрметіміздің, ізетіміздің жөні басқа екендігін айтып өтті. Ал бұл сөзді естіген кез келген жанның көз алдына парасатты, білімді, жылы жүзді адам елестейтін сөзсіз. Осы ұстаздарымыздың құрметіне университетіміздің өнерлі студенттері өз өнерлерін ортаға салды. «Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі әрбір баланың болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Жиын аяқталарға жақын ұстаздарға студенттердің атынан ізгі тілектер мен алғыс сөздер айтылды. Жиын соңы, «Ұстазым» әнін шырқап, Ұстаз атты тұлғаларға гүл шоқтарымен, алғыс хаттар тарту етілді.

Алина НАЗИМОВА,

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ - ДЕНСАУЛЫҚ

Студенттер арасында «Денсаулық» күніне орай спорттық жарыс өткен болатын. Бұл спорттық жарыста студенттер стол теннисі, шахмат, шашки және дойбы ойын-спорт түрлерінен белсене қатысқан болатын. Жарыс барлық факультет арасында жоғары деңгейде өтті. Филология факультетінің 1 курс студенттері белсенділік танытып, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, тоғызқұмалақ бойынша Карина Сая 1-ші орын иеленсе, дойбы ойынынан Гайнуллина Мерейім 3-ші орынды иеленген болатын.

Бұл спорттық шара жастардың зердесін, ойлау жүйесін, денсаулығын жетілдіру үшін, студенттік өмірді қызықты ете түсу және болашақ мамандарды уақытты тиімді пайдалануға, пайдалы әдеттер бағытына бет бұруға тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.

Ақжүніс НАСИЕВА,

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті



Қос ардагерді құттықтады

8 қазан күні М.Өтемісов атындағы БҚУ ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев білім ордасында үздіксіз сан жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан ардақты ұстаздар, білім ардагерлері Кужабергенова Хамида Ихсановна мен Булатова Канжан Беймухановнаны қабылдап, мерейтойларымен құттықтады. Жетпістен асып, сексеннің сеңгіріне жол тартқан оқытушылардың қарым-қабілеті мен еңбекке араласуында кедергілер жоқ. Екеуі де әлі талай студенттің шамын жағып, бірнеше ғылыми жұмыстарды атқаратынына кәміл сенімдіміз. Университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы гүл шоқтарын ұсынып, игі тілектерін жаудырды.

Кужабергенова Хамида Ихсановна – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. 1946 жылы 27 шілде күні БҚО, Тасқала ауданы, Подтяжки ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Шешін орта мектебін бітірді. 1969 жылы А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институтына Тарих мамандығына оқуға түсті. 1974 жылы оқуды тәмамдады. 1974 жылы осы жоғары оқу орнына жұмысқа қабылданды. 1988 жылы Фрунзе қаласындағы ҚМУ-ның мамандырылған оқу кеңесінде 07.00.01.- «КОКП тарихы» мамандығы бойынша кандидаттық диссертацияны қорғады. 1990 жылы «Жалпы тарих» кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды. 1993-1996 жж., 2002-2004 жж. тарих факультетінің деканы болып жұмыс істеді. 1995 жылы 15 наурыз күні «Қазақстан Республикасының білім бері үздігі» төс белгісімен марапатталды. 2001 жылы Қазақстан Республикасының Білім беру министрлігінің медалімен наградталды.

Қанжан Беймұханқызы Булатова 1946 жылы қазан айының 7 жұлдызында Орал облысы Камень ауданы І-Шешін ауылында дүниеге келген. 1964 жылы П-Шешін орта мектебін үздік аяқтап, сол жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетіне оқуға түседі. 1969 жылы аталмыш институтты «география-биология» мамандығы бойынша тәмамдап, Қазақ ССР Ағарту министрлігінің жолдауымен Жаратылыстану-география факультетінің «Зоология» кафедрасына оқытушы ретінде қызметке қалдырылды. Қанжан Беймұханқызы ұзақ жылдар бойы Солтүстік Каспий маңы өлкесінің жануарлар биоалуантүрлілігі мен оларды қорғау



проблемалары, сондай ақ мектепте және жоғары оқу орындарында биология пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіру бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Қанжан Беймұханқызы «Еңбек ардагері» медалімен, ҚР Білім министрлігінің «Құрмет грамотасымен» (1992ж.), ҚР Білім министрлігінің «Отличник Образования РК» төсбелгісімен (1995ж.), «Ы. Алтынсарин» белгісімен (2007ж.) марапатталған. Қазіргі таңда Қанжан Беймұханқызы «Биология және экология» кафедрасында аға оқытушылық қызметін атқарып келеді.

Сіздерді М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұжымы жүйрік уақыттың ұшқыр канаты мағыналы ғұмырларыңыздың биік бір белесі - 75 жасқа толған мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтайды. Сіздер осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыздар. Ұстаз - ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгерші

лік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам - Ұстаз. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаз жандардың бірегейі-Сіздер! Шәкірттеріне аса мейірімді, сөзіне берік, шыншыл мінезді, жүрегі батыр, өнегесі асыл, жаны жомарт, пейілі дарқан, ерен еңбекшіл, байламы берік, ойы өткір Қанжан Беймұханқызы мен Хамида Ихсанқызы еңбекте де кажыр-қайраттарыңыздың арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар абзал жан ретінде өздеріңізді танытып-ақ жүрсіздер. Сіздерге денсаулықтарыңыз қуатты, ғұмырларыңыз ұзағынан, көрер қуаныштарыңыз молынан болсын деп тілейміз! Мерейлеріңіз үстем, кадр-қасиетіңіз зор болсын.

Ұстаздар күні атап өтілді

Ұстаздар - мемлекет пен қоғам арасындағы алтын көпір тәріздес. Мемлекеттің идеологиясы, қоғамның дәстүрі мен құндылықтары, адамзаттың асыл қасиеттері, ғылым мен өнердің мұралары ұстаздар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жол тартады. Ертеңгі мемлекеттің болмысы - ұстаздың бүгінгі тәлімінде. М.Өтемісов атындағы БҚУ ұжымы ұстаздар күнін атап өтті.

90 жылға жуық тарихы бар білім ордасында білім алып шыққан сан мыңдаған түлек бүгінгі күні облыспен қатар еліміздің әр өңірінде шәкірттерге дәріс оқып жүр. «Ұстаздардың ұстаханасы» атанған университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев ұжымның ардагерлерін, ұстаздарын, барша қызметкерлерін төл мерекесімен құттықтады:

Ғасырға жуық тарихы бар университетіміз сан мың ұстазды дайындап шығарған ұстаздар ұстаханасы. Осынау қастерлі атты иеленуі университетте қызмет атқарған және әлі күнге тер төгіп келе жатқан баршаңыздың өлшеусіз еңбектеріңіздің арқасы. Ұстаз алдында студент атанған жасты жеті түрлі ілім білетін тұлға тәрбиелеу мақсаты тұр. Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын – мұғалімдікі» деп айтуы, ұстаздар қауымына берілген ең үлкен баға деп ойлаймын.

Ғалым да, шахтер де білім алған ұстаздарға арналған тілектер легі таусылмады. Тыншымайтын еңбеккерлер, жемісті жерге емес, елге екендер, адамзат ұрпақтарын тәрбиелеп, зердесін болашақтың зерлеткен ұстаздар оқу орны басшылығының кәсіподағы атынан алғыс хаттар мен құрмет грамоталарымен марапатталды. Салтанатты шара студенттер мен ұстаздардың арнайы дайындаған мерекелік кешімен әдемі жалғасын тапты.



ДӘУІРДІҢ ДАРА ҰСТАЗЫ

М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер бойынша проректоры Түймеш Дәрішева мерейлі 60 жасқа толды. 30 жылдан астам еңбек өтілі бар, оның ішінде ширек ғасырға жуық уақыт бойы студент жастардың тұрақты тәрбиешісіне айналған Түймеш Малбағарқызын облыс әкімі Ғали Есқалиев қабылдады. Ұстаздың мерейтойына орай Х.Бөкеева атындағы қазақ драма театрында салтанатты шара ұйымдастырылып, университет ректоры Н.Серғалиев, әр жылдардағы университет түлектері ықылас-лебіздерін жеткізді.

28 қыркүйек – Түймеш Дәрішеваның туған күні. Айтулы күн қарсаңында Батыс Қазақстан облысының әкімі Түймеш Малбағарқызын арнайы қабылдады. Облыс басшысы мерейтой иесін құттықтап, Құрмет грамотасымен марапаттады және мерейтой иесіне өңір жұртшылығы атынан жоғары білікті мамандарды даярлауға және өз кәсібіне адал қызмет етуге көп жылғы жемісті үлесі үшін алғыс айтты.

Х.Бөкеева атындағы қазақ драма театрында ұйымдастырылған «Дәуірдің дара ұстазы» атты мерейлі шарада өңірдің игі жақсылары мен оқу орындарының басшылары, ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері, достары мен шәкірттері мерейтой иесіне өздерінің ыстықықыластары мен мерекелік ізгі тілектерін жеткізді.

Түймеш Малбағарқызының 36 жылдық еңбек өтілі өзі бітірген университетпен байланысты. Орыс тілін оқыту әдістемесі кафедрасының оқытушысы, содан кейін мамандық бойынша кандидаттық диссертация қорғады, филология факультеті деканының орынбасары, проректор – бұл кәсіби өсу кезеңдері. 23 жыл бойы Түймеш Малбағарқызы – студент жастардың тұрақты тәрбиешісі. Оның риясыз, мақсатқа ұмтылған еңбегі Білім және ғылым министрлігінің наградаларымен, көптеген Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен атап өтілді.

Түймеш Малбағарқызының басты мақтанышы – оның шәкірттері мен тәрбиеленушілері. Бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде жүрген түлектер ұстаздарына жылы лебіздері мен құттықтауларын жолдап, бір қатары салтанатты шараның сахнасынан ұстаздарына арнауларын айтып, гүл шоқтарын ұсынды.



Қазан айында талапшыл, талантты, әрі ұшқыр ойлы, озық идеялы жандар дүние есігін ашады деседі. Расымен-ақ, дәл осы айда өмірге келген Макулбаева Ақмарал Адиевқызының бойынан аталған қасиеттердің бірін емес, бәрін көруге болады. Медиа саласында майталман атанып, университет аты мен имиджі үшін аянбай еңбек еткен, пресс-хатшылықта тұяқ серіппестен 20 жылдан астам қызмет қылған маманды мерейлі мерекесі қарсаңында университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы ерекше құттықтады.

Дәл осы қара шаңырақта еңбек жолын ұстаздықтан бастап, журналистке бұрған Ақмарал Адиевқызының өмір жолымен университетіміздің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Ахмеденов Қажымұрат Мақсұтұлы таныстырды.

«Рухани жаңғыру» институтының директоры, п.ғ.д., профессор, Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы әріптесінің 60-ты алқымдап, зымыраған уақытпен зейнетке де жеткенін айтып, алайда, Ақмарал Адиевқызының алар асуы, бағындырар шыңы алда екендігіне тоқталып, әр жастың жақсылығын көруге шақырды.

Бұл күні айтылған тілек өзгеше, басқалардан бөлек болды. Ақмарал Адиевқызы басшылық ететін Редакциялық баспа орталығы үшін мереке саналды. Өз кезегінде университет басшылығы, сыйлас достары, әріптестері әдемі лебізбен ғана шектелмей, балғын гүлдері мен сый-сияпаттарын табыстап жатты.

Осы орайда Макулбаева Ақмарал Адиевқызының өмірбаянымен таныстыруды жөн көрдік.

Макулбаева Ақмарал Адиевқызы 1931 жылдың 12-қазанында Орал облысы, Жымпиты ауылында ұстаздар отбасында дүниеге келген: әкесі – Габдуллин Адиев Оразұлы – физик, мектеп директоры болған, анасы – Ахметжанова Тамара Мухамбетжановна – математик, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген ұстазы.

Ақмарал Адиевқызының балалық шағы Тасқала ауданының ҚазақКСР-не 40 жыл совхозында өтті. 1978 жылы мектепті үздік тәмамдап, сыныптастарымен бірге туған ауылында еңбек етіп, 1979 жылы Самар қаласындағы Куйбышев атындағы университеттің филология факультетіне оқуға түседі. Кейін бітірген соң, Тольятти қаласындағы орта мектепке жұмысқа жолданады.

1987 жылы Ақмарал Адиевқызы алғаш рет ата-анасы және мұғалім әпкелерімен бірге Алматы қаласындағы ұстаздар әулетінің алғашқы республикалық слетіне қатысады.

1989 жылдың қазан айынан бастап, А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтында орыс және шетел әдебиеттері кафедрасында қызметін жалғастырады. Ендігі уақыттағы жетекшілері филология ғылымының корифейлері, профессорлар – Николай Иванович Фокин, Евгений Иванович Коротин, Николай Щербанов, Зоя Ивановна Туаева, Асия Газизовна Табанова және тағы басқалары болды.

1993 жылдан бастап 1996 жылдар аралығында Абузяров Разак Абдрахманұлының жетекшілігімен орыс тілінің әдістемесі кафедрасында аспирантурада білім

Медиа майталманы мерейлі жасқа жетті

алып, сонымен қатар жұмыс жасайды.

1998 жылы бала күтіміне орай демалыста отырған Ақмарал Адиевқызын Батыс Қазақстан аграрлық университетіне журналист лауазымына жұмысқа шақырады. Сол жерде 3 ЖОО біріктірілгенше, 2000 жылға дейін қызмет атқарады.

2000 жылдың наурыз айында біріккен ЖОО ашқан жаңа

бөлім – Редакциялық баспа орталығына басшылыққа тағайындалып, және сол лауазымда бүгінгі күнге дейін қызмет атқарып келеді.

Батыс Қазақстан университетіндегі жалпы жұмыс өтілі 32 жыл, соның 21 жылында Ақмарал Адиевқызы баспа орталығының дамуы мен қарқынды өсуіне күш салды, сонымен қатар пресс-хатшылық жұмысты да қатар атқарды.

Бұдан бөлек, Ақмарал апайымыз аяулы жар, ардақты ана. Алла берген 2 перзентінің қуанышына куә болып жүр. Қызы – Римма, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Циалковский атындағы Мәскеу Авиациялық-технология университетін «Ғарыш технологиялары» мамандығы бойынша тәмамдаған, қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласында Ұлттық Ғарыш орталығында инженер қызметін атқарады.

Ал, ұлы Римад, анасының ізін жалғап, Ұлы Петр атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік университетінде «Қоғаммен байланыс және жарнама» мамандығы бойынша білім алып, бүгінгі күні осы бағытта қызметте. Сонымен қатар, Ақмарал Адиевтовна сүйкімді немерелерінің сүйікті әжесі де... Алдағы арманы көз қуаныштары Искандер мен Камиланың аман есен ер жетуі.

Біз де, газет ұжымы, қадірлі әріптесіміз, білікті басшы бола білген Ақмарал апайымызды тағы бір мәрте мерейлі жасымен құттықтаймыз!





ПЕДАГОГИКА факультеті

Қазан айының 2 жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің ұйымдастыруымен «Ұстаз – ұлы тұлға» атты мерекелік шара өткізілді. Мақсаты: Студенттерге ұстаз мамандығының қыр-сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету. Мерекеде аяулы да, ардақты ұстаздарымызға көңіл күй сыйлау.

«Ұстаз – ұлы тұлға»



Студенттердің Оқытушыларға деген шын ниеттерін көрсету. Педагогика факультетінің деканы Ерғалиева Гүлжан Алғазықызына сөз беріліп шарамызды ашып берді. Одан кейін факультетіміздің өнерлі студенттері

түрлі бағытта би билеп, ән айтты. Ұстаздарға деген жылы лебіздерін білдіріп, Қазақтың майталман ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Ұстаз – оқу орнының жүрегі. Ұстасыз білім, тәрбие ешқашан іске аспайды.

Көңілді - Жексенбі!



9 қазан күні М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің белсенді студенттеріне «Орал Жастары», «Үш Батыр Қыз» алаңында көңілді Кимбилдинг және қызықты Квест ойынын өткізді. Студенттер ортасында берік достық қарым-қатынасты және өзара сыйластықтарын арттыру, бос уақыттарын қызықты өткізу. Ұйымшыл ұжым қалыптастыру.

Шараға 6 команда қатысты. Шапшындарымен көзге түсіп, жоғары белсенділік танытып «Империя» командасы I орын, «Байрақ» командасы II орын, «Сакура» командасы III орын ие болды. Қалған «Фаворит», «Элита», «Галактика» командаларына арнайы сыйлықтар берілді.

Студенттердің есте сақтау қабілеттерін арттыру мақсатында түрлі сұрақтар қойылып, бос уақыттарын тиімді пайдаланып, патриоттық сезімдерін күшейтті. Жастар арасында теріс іс әрекеттерге қарсы ойларының қалыптасуы мен құқық бұзушылықтың алдын алуға дағдыланды.

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Серікбаева Гүлсезім

СПОРТ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

М.Өтемісов атындағы БҚУ 1 курс студенттері арасындағы «ДЕНСАУЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ» бағдарласы өткізілген болатын. Мақсаты: Университетіміздің студенттерін салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.



Жарысқа Педагогика факультетінің студенттері түрлі жарыстарға қатысып жүлделі орындармен оралды. «Үстел теннисі» жарысында жүлделі I орынды Шаухарова Лейла, III орынды Денисова Маргарита алды. «Дойбы» жарысынан II орын Есмағұлов Даулет, «Тоғызқұмалақтан» Бікербай Сағадат I орынға ие болды.

Факультет аралық қыз балалар арасында футболдан жарыс өтті. Мақсаты: студенттердің денсаулығын нығайту, дене тәрбие жұмыстарын одан әрі күшейту, футболға деген қызығушылықты арттыру. Студенттердің икемділігін, жылдамдығын, шапшаңдығын дамыту. Факультет арасындағы ең мықты деген команданы анықтау.



Бұл жарысқа 6 факультет қатысты. Командалар жеребе бойынша ойын кестесіне бөлінді. Жарыс 10 минуттан 2 кезеңнен ойнатылды. Нәтижесінде, Педагогика факультеті жүлделі III орынды иемденді.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қазақ күресінен жасөспірімдер арасындағы «Жас барыс» облыстық іріктеу жарысында Педагогика факультетінің Дене шынықтыру және Спорт мамандығының студенттері жоғары дәрежеде күш сынасып, жүлделі орындарға ие болды. Олар: «55» келі салмақта Утепов Мұқағали I орын, «60» келі салмақта Қуантаев Мерлан I орын, Ал жүлделі II орын «82» келі салмақта Ізбасар Әлиге бұйырды.

Қол күресінен 2003-2005 ж.т және жасөспірім ұлдар арасындағы Батыс Қазақстан облысының чемпионатында «50» келі салмақ дәрежесінде М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің студенті Амантаев Айдарбек I орынға ие болды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Ұлттық салт-дәстүрді насихаттауға арналған ақпараттық-түсіндірме жұмысты ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы аясында өткізілген «ҚАМШЫ ӨРУ» ұлттық өнер түрінен Педагогика факультетінің белсенді студенттері Абдағалиев Радмир және Жалғасов Парасат оқыту курсынан өтіп сертификат иемденді.

М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің ұйымдастыруымен өтіп әлеуметтік желідегі белсенділікті арттыру мақсатында InstaLike сайысы өтті.

InstaLike!

Жалпы мақсаты: топпен жұмыс жасауды үйрену, көрермендердің қызығушылықтарын тудыру, пікірлерін білу. Сайысқа әр команда өздерінің топтық киімдерімен санитарлық ережелерді сақтай отырып суретке түсті. Бұл сайыстың қызығы сол әр команда өздерінің ұйымшылдықтарын көрсете отырып, парақшада белсенділік танытты. Әрине бұл сайыс оңайлыққа соқпады. Бір тәулікке созылған сайыста ең көп лүпілді қоржындарына жинаған «Фаворит» командасы, екінші орын «Империя», үшінші орын «Байрақ» командаларына бұйырды.



ТАРИХ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ факультеті

Ақұштап Бақтыгереевамен кездесу!

Қазан айының 13-ші жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұйымдастыруымен Ақ жайықтың Ақ шағаласы, Құрмет орденінің иегері, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Алаш» Халықаралық әдебиет сыйлығының иегері, Батыс қазақстан облысының құрметті азаматшасы, Қазақтың ақын қызы Ақұштап Бақтыгерееваның 1-ші курс студенттерімен ашық дәрісі өтті.



Дәрісте өзінің өмірлік жолынан сыр шертіп, біздей қыз баласының бойында табылуы қажет құндылықтарды атап көрсетті. Ақұштап Бақтыгереевамен өткізілген дәрісте ол кісіден үлгі енеге алатын қыздарды байқадым. Қазақ қызының тәрбиесін бірінші орынға қойып "тәрбие мен намыс" тақырыптарын қозғады. Ана ретінде қыздар тәрбиесіне алаңдайтынын айтып,

өмірлік тәжірибесімен бөлісті. Студенттердің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап берді.

Тәрбиелік мәні бар дәрісте өзіме көп ой түйдім. Факультет атынан Ақжайықтың Ақ шағаласына үлкен алғысымды білдіремін!

Фарица ЖУМАХМЕТОВА,
«Халықаралық қатынастар» тобының 1-курс студенті

Қазан айының алтыншы жұлдызында «Тарих, экономика және құқық» факультетінде белсенділердің ұйымдастыруымен «Ұстаз-ұлы тұлға» атты мерейлі ұстаздардың мейрамына орай арнайы мерекелік шара өткізілді. Шараның негізгі мақсаты аяулы ұстаздарымызға көтеріңкі көңіл күй сыйлау және де, оларға деген ыстық сүйіспеншілігіміз бен махаббатымызды жеткізу болды.

Ұстаздық еткен жалықпас...

Шарамызды салтанатты түрде ашқан жүргізушілеріміз Ист-21 тобының студенті Адидов Н. және Гму-21 тобының студенті Баймуратова Р. болды. Одан соң өздерінің жүрек жарды тілегін көркем сөз арқылы жеткізген Гму-11 тобының студенті Джумагазиева А., Юр-21 тобының студенті - Ораш Г. Ұстазым әнімен жүректерді тербеген. Уа-11 студенті Жаулыбаева Д. және де факультетіміздің белсенді студенттерінен құрылған бишілеріміз өнер көрсетті. Оқытушыларымызбен түрлі ойындар ойналып, жақын араласып кете алдық. Кеш өте жоғары деңгейде өткізілді. Шара соңынан факультетіміздің деканы Нестеренко Г.И. өзінің алғысымен, ыстық лебізін білдірді.

«Ұстаз болу жүректің батырлығы, ұстаз болу сезімнің ақындығы» демекші, бойына батырлығын жиып келіп, бүтіндей бір қоғамның болашағын үлкен жауапкершілікпен қолына ал, екінші бірінің қолынан келе берместей анық қадам, қайсар мінезділік. Біз дәл осы күні жүректен ұшқан жылулыққа толы сезімдерімізді арнағанымызбенен, бірақ та, білімнің тұңғиығына бойлата отырып, санамызды ілімнің жарық сәулесімен нұрландырған оқытушыларымыздың біздің жанымызда жүрген әрбір күні-біз үшін мейрам іспеттес.

Гүлден СҮЙЕУ,
Ист-21 тобының студенті



Түркістанға аттанамын!

Мен өмірді таңдаймын... Бұл БҚУ ректоратының 31 тамыз бен 1шілде аралығында өткізілген вакцинацияға байланысты акциясының негізгі тақыбыры болды.

Осы акция аясында "Ер түріктің бесігі - Түркістан қаласына" жолдама ұтып алдым. Аталған акция өте бір ауқымды әрі өзекті қозғалған, бағытталған шаралардың бірі болды. Студенттерді және университет қызметкерлерін вакцинацияға тарту, салауатты өмір салтын дәріптеу, ұлт болашағы ұрпағымыздың денсаулығында екендігін ұғындыру осы акцияның негізгі бір міндеті болды. Және ол міндет толықтай ақталды деп ойлаймын.

Себебі, университет қабырғасындағы әрбір білім алушы, қызмет етуші тұлғаларда көпшілігі дерлік вакцина қабылдап, өзін және айналасындағы жақын жандарын, дос-жаранын сақтандыра алды.

Яғни, вакцина алу - ұлт болашағын сақтап, өзіңнің де, өзгенің де өміріне жауапкершілік таныту!

Гүлден СҮЙЕУ,
Ист-21 тобының студенті



КВЕСТ ОЙЫНЫ

Өткен айдың бірінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің тарих экономика және құқық факультетінің тарих мамандығының 2 курс студенттері ИСТ-21, ИСТ-23 топ студенттері болып Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетанудың ұйымдастырған квест ойынына қатыстық.



Квест ойыны өз уақытында басталды. Ойын барысында 10 студент 2 топқа бөлініп, топбасшысын сайлады. Музей қызметкерлері бізге ойын барысын толық түсіндіріп берді. Жалпы квест ойыны белгілі бір залдан жасырылған файлды тауып алып, ішінде қойылған сұрақтарға топ болып залдан дұрыс жауап болғанша іздеп табу. Жауаптардың дұрыстығын музей қызметкері Асель Сүйінғалиқызы тексеріп отырды. Сұрақтардың бәріне қай топ дұрыс жауап берсе келесі залға өтуі керек. Жалпы ойын ережесі осындай.

Біздің ең бірінші залымыз «Археология залы» болды. Ол залдан бізге мәңгілік өмір құмырасы, балбал жалпы алғанда тас дәуірі туралы тапсырмалары болды. Енді біз тарихшылар болған соң аса қиын болған жоқ. Ал екінші залымызда Орал қаласы жалпы Сарайшық қалашығы туралы тапсырмалар болса, келесі залда Қазақ хандығы, мәдениеті туралы тапсырмалар болды. Осылай келесі залдарға жолдама алып өте бердік. Ойынымыз «Тәуелсіздік» залынан аяқталды. Екі топтан бір топ алға суырылып бірінші орынды елшіленді. Бірінші орын алған қатысушылар мен топ басшыларына музей атынан сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар қатысқан барлық қатысушыларға Орал қаласының 6 музейіне тегін кіруге сертификат билеті берілді. Ойын барысында қатысқан студенттер қойылған сұрақтар мен тапсырмаларға аса мән беріп, ынтамен жауап беріп жарыса белсенділік танытты.

Осы Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетанудың ұйымдастырған квест ойынында әртүрлі де қызықты, тарихи мәліметтер біліп шықтық. Және де квест ойыны жоғары деңгейде өтіп, бізге ерекше сезім сыйлады.

Айман ДЖАЙЫЛГАНОВА,
Тарих, экономика және құқық факультетінің
ИСТ-23 тобының студенті

БЕТ РЕДАКТОРЫ:
Каримова Карина



МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР факультеті

Мәдениет адам жасаған екінші табиғат

Мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканат құрамының ұйымдастыруымен Рухани Жаңғыру аясында «Мәдениет адам жасаған екінші табиғат» атты 1 курс студенттерінің арасында «Хан тоғайында» кішігірім көңілді шара өткізілді.



Шараның басты мақсаты студенттер арасындағы достық қарым – қатынасты қалыптастыру, ой бөлісіп, идея алмасу және өз бойындағы талантты еркін көрсету.

Құрметті қонағымыз «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері Қабдырахимқызы Жанар ортамыздан табылып, студенттердің өнеріне жоғары баға берді. Шарамызды таныстыру тренингімен бастаған Абылқайыр Мақсотұлы студенттерге қолдау көрсетіп, жанымыздан табылды. Көңілді шарамыз

әр кедергіде сұрақтарға жауап беріп, әзіл ойынымен аяқталған болатын. «Сән және костюм дизайны» мамандығының студенттері өздері ойлап шығарған стильдерін әдемі жүріспен көрсету арқылы көрерменді таңқалдырмай қоймады. Шара соңында Жанар Қабдырахимқызы осылайша факультетіміздің үнемі алда жүруіне тілек білдіріп, алғысын айтты.

Аида ҚОЖБАНОВА,
МТЖ-41 топ студенті

ЖАЙДАРМАН – ЖАЙДАРЫ КӨҢІЛ КҮЙ

Қазан айының 12-сі күні Жайдарман әзіл сайысы өтті.

Мақсаты: студенттердің достық қарым қатынасын нығайту, әзіл сүйер жастарға керемет көңіл күй сыйлау.

Командалар дайындалу уақытында 2020 жылдың чемпионы «Идеал» командасы өз әзілдерімен көрермен назарын жаулай алды. Сайыста бақ сынаған командалар:

1. «Режиссура» командасы
2. «Rockstar» командасы
3. «F4» командасы
4. «Перваштар» командасы
5. «МТЖ» командасы.

Кеш тізгінін Мирас Қобланды ұстаса, әділқазы алқалары қатарынан:

1. Қуанғалиев Самат Талғатұлы - Жайдарманшы, автор, сценарийст.
2. Шамуратов Даурен Ибатұлы - Орал қалалық

жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталық басшысының орынбасары, ақын, жайдарманшы. 3. Айтқұлов Аян Ерболатұлы - Факультет түлегі, қташы, танымал беташарист. 4. Исламғалиев Абылқайыр Мақсотұлы - М.Өтемісұлы атындағы БҚУ - нің мәдениет және өнер факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, КТА - шы.

5. Бейбітов Айбек Бейбітұлы - Мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканын көре алдық. Ерекше көзге түскен студенттерге шағын сыйлық табысталды. Жұлделі орындарға ие болған командалар:

- 1 -орын «МТЖ» - командасы.
- 2 -орын «Rockstar» командасы.
- 3 -орын «F4» командасы.

Көрермен көзайымы - «Режиссура» командасы.
Үздік ойыншы - Алихан МТЖ - 11 топ студенті.

Ұстазға тілек

Таусылмайтын білім берген сөнбейтұғын жүрекке,
Ұстаздардай дана бар ма, өмір атты тірлікте?
Мерейіңіз үстем болсын, аяулы, асыл даналар,
Бөленіңдер әрқашан да ықыласқа, құрметке!

Талпынамыз ілімдерге, біздер қанат қағамыз,
Болашақта бәріміз бір үміттерді жағамыз.
Сіздер берген білімменен сусындаймыз әрбір сәт,
Ұлағатты ұстаздардан мол ғибрат аламыз.

Ұстаздардың көп болса екен мақтан етер түлегі,
Орындалып мақсат пенен армандаған тілегі.
Универді алтыннан да ардақты деп білемін,
Болып қалмақ бар жан үшін Ақ Ордадай тірегі.

Қанаттары қатайған жан биіктерге самғайды.
Талантымен талайларға қақтыртады таңдайды
Қандай атақ болса-дағы, сіздерге әбден лайықты
Өздеріңіз білім нәрі санамызға қонбайды.

Ізбасарың көп болсыншы көзі нағыз қарақты,
Сөндірмейтін әрқашан да сіздер жаққан шырақты.
Ел үмітін ақтайтындар - ұстаздар мен шәкірттер,
Нағыз халық болайық, білікті әрі қуатты!

Нұрайзат МАРАТОВА,
МТЖ-11 топ студенті

Ұстаз

Тәрбиемен солар берген,
Тұлға талай ер жетті.
Шын мәртебе шәкірт үшін
Ақтаса сол еңбекті.

Айтқан әр бір асыл сөзі,
Өткір әрі өрнекті.
Сонысымен талай дүлдүл
Көкке қолын сермепті.

Жамбыл атам сол кешегі,
Ұстаз атын пір етті.
Тұлғасы мен мәртебесін
Заңғарлармен теңдепті.

Мерекеде мерей асып,
Биікке аты өрлепті.
Ұстаздардың ұлы есімі
Сонысымен көрнекті.

Нұрдаулет ЗАЙЫРОВ,
МОБ-21 топ студенті

Құнде жұмын...

Қыркүйек айының 30-ы күні факультетіміздің студенттік деканат құрамы ұйымдастыруымен «Ұстаз - ұлы қызмет» атты меркелік кеш өтті.

Кешімізді «Сән және дизайн» мамандығының студенттері өз туындысын көрсетумен ашты. Ұстаздарға арналған кешіміз керемет өлеңмен жалғасты. Үлкен сахналарда өз әзілдерін өткізе білген факультетіміздің жігіттері сол күні ұстаздардың және студенттердің езулеріне күлкі сыйлады. Облыстық, аудандық би жарыстарынан дес бермей жұлделі орындар иеленіп жүрген «BOSS» тобы да көрерменнің бар назарын аудартып, құрмет қошеметке ие болды. Айбек Бейбітұлы ойда-жоқта өз актерлік шеберлігін көрсеткен болатын. Жайдарлы кешімізді ұстаздарымызға арналған ән шашуымызды арнап, жылы лебіздерімізді білдіріп кешімізді төмемдадық.

Қазан айының 1-і күні факультетіміздің «Мәдени - тынығу жұмысы» мамандығының 1 курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Ұстаз атты бір жан бар» атты меркелік шара өтті.

Үлкен өмірге қадам басқан 1 курс студенттері сахнада өздерін еркін ұстап, оқытушылар мен көрермендердің көңілінен шыға білді. Абылқайыр Мақсотұлы кураторлық еткен МТЖ - 11 тобы өздерінің әзіл өлеңдерімен, әдемі билерімен, сөздері елең еткізген көріністерімен назар аударта білді.

Қазан айының 4-і күні факультетіміздің «Вокалдық өнер» мамандығының 2- курс студенттерінің ұйымдастыруымен « Ұстаз - ұлық емес, ұлы қызмет» атты меркелік кеш өтті.

Кешімізді топ студенттері әдемі биімен ашқан болатын. Ұстаздарға арналған кешіміз керемет өлеңдермен жалғасты. Студенттер өз арнау ізгі тілектерінде жеткізе білді. Ұстаздарға арналған өлеңдерді жинақтап фортопианоның сүйемелдеуімен көрермендер қосыла әуезді әндер шырқалды. Ұстаздарымызға ізгі ниетін білдіріп гүл шоқтары мен кішігірім сыйлықтарын табыстады.

Қазанның 5-ші жұлдызы күні факультетімізде тағы да бір меркелік концерт өтті.

Ұстаздардың кәсіби мерекесіне байланысты, «Мәдени - тынығу жұмысы» мамандығы 3 курс студенттерінің, факультет ұстаздарының еңбегіне алғыс ретінде, ән-бимен көңілдерін көтеру мақсатында ұйымдастырған «Мың алғыс саған, ұстазым!» атты меркелік кеші өз деңгейінде өтті. Концерттің шымылдырығы «Ару» би тобының қазақ биімен ашылды. Одан соң, Ұстаз туралы ән айтылып, би биленді. Студенттердің арнайы көрермендер үшін дайындаған ойындары да қызықты өтті. Ұлттық ән мен биден бөлек, қазақтың көне көп ішекті, шертпелі музыкалық аспабы- жетігенді де назардан тыс қалдырмай, көрерменге әдемі әуен сыйлай білді. Заманауи ән - бимен жалғасын тапқан кеште көркем сөз өлеміне де саяхат жасалды. Әдемі кештің соңы, «Мың алғыс саған, ұстазым!» әнімен қорытындылап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Қыркүйек айының 28-ші жұлдызында 1 қазан «Қарттар күніне» орай Мәдениет және өнер факультетінің «Вокалдық өнер» мамандығының 2- курс студенттеріне кураторы Малаева Дария Нурболатовна «Қарттарым - асыл қазыналарым» атты кураторлық сағатын өткізген болатын. Шараның құрметті қонақтары аудандарда ЖАСТАН беделі жоғары, көпті көрген қария аталарымыз бой көрсетті. Өз ақылдарымен, қызықты сәттерімен бөліскен еді.

«МЫҚТЫ ҚАРТ - МЫҚТЫ ШЫҒАДЫ»

Ондағы мақсаты жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлай алатындай, халқының салт дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу болды. Кураторлық сағатта студенттеріміздің әдемі әуезді арнау әндері шырқалды.

«Мықты қарт - мықты жастан шығады» - деп Қадыр Мырза Әлі атамыз айтқандай жастарымыздың байқары көбейіп өнегелі өсуіне бағыт бағдар берген қария қонақтарымызға алғыс білдіреміз.

БЕТ РЕДАКТОРЫ:
КУЛЬБЕКОВА Зульфира



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ГЕОГРАФИЯ факультеті

Жаратылыстану-география факультетінің “Ботаника” үйірмесінен

Батыс Қазақстан облысы экологиялық-географиялық қоғамының ұйымдастыруымен өткізілген «Болашақ орманға тұқым жинау және сақтау» акциясына факультетіміздің «Ботаника» үйірмесі мүшелері қатысты. Акция өте жоғары деңгейде өтті, бірлескен жұмыс жас ұрпаққа жауапкершілікті үйренуге мүмкіндік береді, орындалған жұмыстан студенттерге қуанышты көңіл - күй қалыптастырады, еңбек дағдыларының қалыптасуына және студенттер командасының бірігуіне ықпал етеді. Еңбек процесінде экологиялық мәдениет, табиғатқа деген сүйіспеншілік, оны құрметтеу тәрбиеленеді. Сонымен бірге үйірме жетекшісі Ж.С.Кажымуратова қалалық демалыс және мәдениет саябағындағы ағаштар мен өсімдіктер дүниесімен және олардың экологиялық жағдайымен таныстырып, кепешөп дайындау жолдарын көрсетті.

Студенттеріміз 180 жыл тарихы бар емен ағашының, татар үйеңкісі, жиде, долана, катальпа сынды бұталардың тұқымдарын жинап, сақтауға тапсырылды.

Өрине, таза ауада жұмыс студенттердің денсаулығын сақтауға және нығайтуға ықпал етеді қаламыздың орман қорын сақтау мен ұлғайту әрқайсымыздың ортақ парызымыз! Сондықтан осындай тәрбиелік акцияларды бірлесіп қолдайық!

Гүлнұр СМАҒҰЛОВА,
Б-41 тобы



Батыс Қазақстан облысы аумағындағы экспедиция

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы Борлы ландшафт және құмды ландшафтта геоботаникалық және зоологиялық зерттеулер жүргізу мақсатында, “Рухани жаңғыру” бағдарламасының факультет жоспарына сәйкес магистрлік диссертациясы тақырыбы аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін 2021 жылдың 17-19 қыркүйек аралығында Жаратылыстану-география факультетінің деканы Ахан Асқарұлы мен география кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы және 1,2 курс магистранттары іссапарға шыққан болатын. Экспедицияның ғылыми-зерттеу жұмыстары Орал қаласы – Шыңғырлау ауданы – Ұзақ өмір бұлағы (Миргородка) – Шатырлы – Айдарлы – Торатбасы – Шыңғырлау өзені аңғары – Қарағаш – Жаршағыл құмдары – Сарқырама – Орал қаласы бағыттары бойынша жүргізілген еді. Экспедиция барысында факультет деканы, профессор-оқытушылар құрамы мен магистранттар Ұзақ өмір бұлағына, Шатырлы, Айдарлы тау нысандарына, Шыңғырлау өзені аңғарына, Қарағаш-Жаршағыл құмдарына ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Әйгерім БИСЕНҒАЛИЕВА,
Жаратылыстану-география
факультеті, Б-31 тобы

Қазан айының 2-ші жұлдызында Жаратылыстану-география факультетінің БГ-21-ші тобы студенттері кураторы Жанар Максұтовнаның бастауымен ұстаздар мейрамы қарсаңында Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының “Облыстық отбасы үлгісіндегі балалар ауылы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі тәрбиешілеріне, ұстаздарына және тәрбиеленушілеріне қуаныш сыйлау, құттықтау мақсатында концерттік бағдарлама ұйымдастырды.

“Кетіп кетсең, әребей әреуір”

«Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Және де шара барысында балалар ұстаздарына өз өнерлерін паш етті. Әр бала “Брейк-данс” биінен жоғары деңгей көрсетті. Кейіннен ұстаздарға гүл шоқтары, ал тәрбиеленушілеріне тәттілер таратылды.

Кеш соңында, мекеме ұстаздары және тәрбиеленушілері үлкен алғыстарын білдірді.

Индира ЖУЛКАШЕВА,
БГ-21 тобы



БЕТ РЕДАКТОРЫ: Бисенғалиева Айгерім

“АЛТЫН КҮЗ!”

Қыркүйек туды, күз келді. Күн қысқарып, түн ұзарды. Аспаннан бұлттар қаптап, сіркіреп жаңбыр да жауып тұр. Күн сирек көрініп, аз жылытады...

Осынау күткен “Алтын күзде” келді.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, жаратылыстану-география факультетінде, қазан айының 8-ші жұлдызында, «Ботаника» үйірмесінің ұйымдастыруымен 1 курс студенттері арасында «Алтын күз» байқауы ұйымдастырылды. Байқауда факультет студенттерінен құралған «Winner's», «Sirius», «Golden life», «Жалын» және «Қыран» топтары бақ сынады. Шара барысы: «Таныстыру», «Өнер», «Күзгі фантазия», «Күзгі вальс» сынды 4 кезеңнен тұрды. Түрлі кезеңдер барысында студенттердің өнерін тамашалай отырып, нағыз мықты, нағыз лайық деп «Қыран» тобынан «Күз ханшайымы 2021» аталымын Избулатова Алина мен «Күз ханзадасы 2021» аталымын Рысқалиев Ақниет иеленді. Сонымен бірге қатысушы топтар арасынан байқау нәтижесі бойынша «Winner's» тобы алғыс хатпен, «Жалын» тобы III дәрежелі диплом, «Golden life» тобы II дәрежелі диплом, «Қыран» тобы I дәрежелі диплом иеленсе «Sirius» тобы Гран-примен марапатталды. Байқау нәтижесінде студенттер арасындағы достық байланыс артып, нағыз өнерлі жастар анықталды. Шара барысы өте қызықты өтті, 1-ші курс студенттерінің белсенді қатысқандарын көріп, бір марқайып қалдық. Барлығы өте жоғары деңгейде өткізілді.

Шара соңында факультетіміздегі деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кажымуратова Жанат Санкибаевнаның сөзімен аяқталды.

Керемет кешті ұйымдастырған «Ботаника» үйірмесі жетекшісі, «Биология және экология» кафедрасының аға оқытушысы Ж.С.Кажымуратоваға және үйірме старостасы биология мамандығының 4 курс студенті Г.Қ.Смағұловаға және үйірме мүшелеріне алғыс білдіреміз! Барша белсенді қатысқан студенттерге алғысымыз шексіз!

Аяжан ІЗБАС,
ХБ-23 тобы



ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА факультеті

Қазан айының алғашқы аптасы ұлағатты «Ұстаздар күні». Бәрімізге де белгілі ұстаздар мерекесіне орай ардақты ұстаздарымызға арналған шағын концерттік бағдарламасы 5-қазан күні «Ұстаз аты – биік әрі мәңгілік» атты Физика-математика факультетінің белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен тамаша кешіміз өткен болатын.

«Ұстаз аты – биік әрі мәңгілік»



Ұстаз деген ұлы сөз ұлағатты,
Ол болмаса, кім береді парасатты.
Асылын беріп шәкірт бойларына,
Ағартқан сол үшін де қара шашты.
Ұстазға әркім басын ию керек,
Кемеңгер, ақылшым деп білу керек.
Сен бүгін керемет боп кетсеңдағы,
Жеткізген сол ұстаз деп білу керек.
Жақсылар ұмытпайды ұстаздарын,
Ойлайды, олар сонымен ұшталғанын.
Мәңгілікке мақтанып өтеді ұстаз,
Шәкіртінің биікке шыққандарын – деген
өлең жолдарымен кешімізді бастадық.

Мерекелік кешіміздің қонақтары:
Физика-математика факультетінің
профессор оқытушылар құрамы жөнеде
біздің сүйікті де асыл ұстаздарымыз!
Ұстаздарымызды қазан айында аталып
өтетін «Мұғалімдер күнімен» шын

жүректен құттықтаймыз! Сіздердің бала
көңілдеріңіз әр студенттің жан дүниесін
нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын
төгуде. Мұғалімнен өнеге-білім алып,
өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген
шәкірт ұстазымен мақтанады. «Мектептің
жүрегі», «Бала жанының бағбаны»...
Иә, бұл — ұстазға арналған теңдессіз
теңеулер. Біздің бұндай теңеулеріміз
ұстаздарымызға аздық етеді, себебі
олар бұдан да жақсы мәртебиелерге ие
болуы тиіс!

Менің ойымша, кез-келген жан ұстаз
бола алмайды. Себебі ұстаздық-өнер,
тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез-
келген адамға қона бермейді. Олай болса,
шын ұстаз болу үшін табиғи дарын ізгілікті
ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы
шарт. Осы сөзіміздің дәлелді бола түсуі

үшін мына жыр шумақтарын қосайын:

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы
–деп ақын Ғафу Қайырбеков ағамыз
жырлағандай, біздің университетімізде
сөзі маржан, үні ән білікті де білімді
ұстаздардың бар болғанын мақтаныш
етемін. Өрине, ұстаз жүгі–ауыр жүк.
Адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей,
қателігін сездіре білу – бұл нағыз шеберлік
емес пе?!

Кешімізде Түгелбай Нұрзаданың
орындауымен «Ұстазым» әні шырқалды.
Содан соң Фортепианода 3-курс
студенті Ерлан Нұртілек әдемі әуен
орындап, ортаға факультеттің ер жігіттері
мұғалімдерді биге шақырды. Және де

Талқыланған мәліметтер...

7-қазан күні Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде 1-курс студенттерінің қыздарына арналған психологпен және полиция департаменті мамандарымен оффлайн кездесу өткен болатын. Кездесуге физика-математика, мәдениет және өнер, тарих, экономика және құқық, педагогика факультеттері студенттері қатысып өзіне керекті мағлұмат алды және студенттер арасында пікірталас жүргізілді. Кездесу барысында тренинг өткізіліп, түрлі проблемаларды шешу жолдары талқыланды.

Психолог маманы өз жұмысының бағыттарын түсіндіріп, психологқа жолығу тегін екендігін айтты. Полиция департаментінен келген майор Диляра Махмудовна камелеттік жасқа толмаған қыз балаларға 23:00-ден кейін жүруге болмайтындығы туралы ескерткен болатын. Барлық талқыланған мәліметтер өте маңызды мәселелерді қозғады.

Гульсим БЕИСОВА,
И-11 тобы студенті

биден соң дайындалған фуршеттен дәм таттырылды. Өз өнерлерін ортаға көрсету барысында бишілеріміз «Современный би» билеп, керемет кештік көңіл сыйлады. Кенішбекова Дильнара орындауында қобыз аспабымен «Ерке сылқым» күйі шертілді. Поэзиялар оқылып, ұстаздарымызбен қызықты ойындар ойнатылды. Сериков Айболмен Орынғали Аружанның орындауында «Ұстаздар» әні шырқалып, ұстаздарымызға гүл шоқтары табысталды. Ұстаздарымызға сөз беріп, бір-бірлеріне ыстық тілектерін жаудырды. Ұстаздарымызға арналған кешімізді түйіндеу үшін факультетіміздің студенттерінің тілегін жеткізу үшін сөз Физика-математика факультетінің студенттік деканы Тойлыбаев Сакенге берілді.

Гүлжауар УТЕПБЕРГЕНОВА,
Физика-Математика факультетінің
белсендісі, ИС-21 тобы студенті

«Журналист болсам десеңіз...»

Қазанның 20-сыншы жұлдызында Болат Батырұлымен болған кездесу студенттер үшін білім алу барысында керемет негіз болды. «Болат Медиа» мекемесінің директоры, «Үш Қоңыр» Республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газетінің бас редакторы, танымдық журналдардың құрылтайшысы, белгілі журналист, Махамбет университетінің құриетті өкілі Болат Батырұлымен кездесу мүмкіндігі болады дегенді естір әр тараптан 10-20 шақты студенттен келіп, өз қоржындарына тағы бір мағлұмат алды деп ойлаймын. Кездесуде Б.Батырұлы студенттерге өз өмірінде алған тәжірибелерімен, жұмыстарымен бөлісіп отырды. Ағамыздың ойынша, әр қалам ұстаған, қызығушылығы бар жан өзін қаламгер болғысы келсе, онда ол өз елінің тілін, мәдениетін, әдебиетін білуі маңызды болып табылады.

Қаламгер болғысы келген тұлғаның тілі шала немесе мәдениетті сөйлеу мен жазуды білмесе оның ұмтылысын ақтау үшін, бағыт беру үлкендердің парызы деп ойлаймын. Студенттер тақырына бойынша өзін қызықтырып отырған сұрақтарын қойды. Мысалы, 1-ші Сұрақ-студент немесе қаламгер үшін тақырыпқа ат қою аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сіздің ойыңызша ең бірінші мақала жазып ат қойған дұрыспа, әлде ат қойып мақала жазған дұрыспа?

- Сондағы Болат Батырұлының жауабы, әлбетте мақала жазу үшін қаламгерге ең бірінші ат қою керек, себебі бірінші тақырыптың мәтінін жазсаң оның тақырып атымен байланысы, мазмұны болмайды, және де бір тақырыпты екі рет жазу қате болып табылады, оны қайталамауға тырысу қажет. Аты жарқырап тұрады, бірақ мазмұны болмайды. Мысалы: Әкім орнынан құлады дейді, бірақ мәтінінде ондай интрига ұстайтындай мәлімет жоқ. Осындай сияқты мақала жазудан шама келгенше қашуға тырысу керек. Одан соң қазіргі таңда көп



қаламгерлер интернеттен көшіріп жазып әкелетіндер көбейді. Қолдан келгенше қолмен жазу керек деп жауап берді. Шара соңында аналармызға арнап әсерлі «Ана туралы жыр» әні шырқалды. Сұрақ қойған және өн шырқаған студенттерге ағамыз өзі дайындап келген сый-сияпаттарынан тарту етті.

Көп оқып, көп ізденіңіздер. Кітап сіздердің жастықтарыңыз, ал газет көрпелеріңіз болсын - деп Болат Батырұлы айтқандай кітап достарыңыз болсын. Адамды қандай тығырық болса да, оңай алып шығуға көмектесетін адамның өзі мен оның білімі.

Лаура КУЛЫМБАЙ,
ИС-21 тобы студенті

Өмір деген тұрады: таң мен кештен,
Ғұмырлы екі араны жанмен кешкен.
Құпия, жұмбақ, сырлы дүниеге,
Адамдар Армен келіп, Армен көшкен.
Өмір деген екі өзен: Мұң-қуаныш,
Толқыны: шындық-жалған, күлкі-намыс.
Бір таяздап өмірде, бір тереңдеп,
Бір лайланып, өмірде бір тұнамыз.

Ш.Сариев

СПОРТ - ӨМІР АЙНАСЫ

Қыркүйектің 28-інші күнінде Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде факультетаралық шағын футбол жарысы өтті.

Жарыста 6 факультет бір-бірімен басты жүлде үшін таласқа түсті. Жаратылыстану-География факультеті, Филология факультеті, Физика-Математика факультеті, Мәдениет және өнер факультеті, Тарих, экономика және құқық факультеті, Педагогика факультеттер арасында жақсы ойын болып, ішінен ең мықтылары анықталды. Соның ішінде топ жарып «Физика-математика факультет» командасы жүлделі 1-орынға ие болды. «Үздік қақпашы» марапатымен Августов Бекарыс марапатталды. Екінші орынды «Филология факультеті» алса, үшінші орынды «Педагогика факультеті» алды. Жарысқа қатысушыларға алдағы уақытта жеңіс пен сәттілік серік болсын!



БЕТ РЕДАКТОРЫ: Кулымбай Лаура

«Сырлы өлеңнің сұлтаны»

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Ғылыми кітапхананың ұйымдастыруымен ақын Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл толуына орай «Сырлы өлеңнің сұлтаны» атты әдеби – сазды кеш өтті. Шараға университет профессор – оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты.

Әдеби кеш Қасым Аманжоловтың өмірі туралы деректі бейнебаяннан басталды. Шара барысында Зейнолла Жақсылықұлы, Нұржан Рахметұлы, Жанерке Бауыржанқызы ақын шығармашылығына кеңінен тоқтала отырып, өскелең ұрпаққа берер мол мұрасын атап өтті. Өрмен қарай филология факультетінің 1 курс студенттері Бакаушина Виктория, Рысқалиева Римма, Жандарбекова Айсана, Ажмуратова Зерігүл, Санат Аманбек, Даутова Айна, Насиева Ақжүніс, физика – информатика мамандығының 3 курс студенті Елтаев Арынғазы және өнер факультетінің 1 курс студенті Базарбаева Нұрай ақынның өлеңдерін нақышына келтіре оқи отыра, әндері де шырқалды. Филология факультетінің 1 курс студенті Қуандық Жанәділ ақынның «Өзім туралы» өлеңін әсерлі орындады.



Кеште «Сырлы өлеңнің сұлтаны» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде ақынның еңбектері мен ол туралы жазылған ақын – жазушылардың

кітаптары мен мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізбегі топтастырылған.

Әдеби кеш соңында белсенді қатысқан студенттер алғыс хатпен марапатталды.


Ғылыми кітапхана

Кітапханашы күні – қызметкерлердің ғана мерекесі емес, ол оқырмандардың да мерекесі. Кітапханалар – ғасырлар бойы келе жатқан биік парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы. Олар оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы кітапханашылар.

15-ші қазан кітапханашылар күні



Менің таңдауым БҚУ!



Менің есімім **Есмагулова Айгерім**. Мен Жаңажол ОЖББ мектебін үздік аттестатпен бітірдім. Қазіргі таңда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде жаратылыстану-география факультетінде 6В05301-Химия білім бағдарламасында оқимын.

Неге мен бұл университетті таңдадым, себебі бұл университет Қазақстандағы үздік университеттердің бірі, білім деңгейі жоғары. Бұл университеттен көп жақсы білімді маман иелері шықты. Және 90-жылға жуық тарихы бар, еліміздегі іргелі мемлекеттік университеттердің бірі. Осыншама жыл білім беріп келе жатқан университетке жалпы көбінің оқуға түскісі келеді. Білікті, білімді мамандық иесі болу үшін мен осы университетті таңдадым.

Мен **Кайырова Айназ Дархановна**. А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебін «Алтын белгіге» бітірдім. 11-сыныпқа көшкенде ҰБТ-ға дайындала бастадым. ҰБТ-дан мейлінше жоғары нәтиже көрсеткім келді. Енді 4 тоқсан басталағанда «Алтын белгінің» талаптарын жоғарлатты. Біздің емтихан жұмысымызды облыс тексеретін болды. Бұл да бір үлкен қорқыныш болды. Барымды салып дайындалдым. Соңында «Алтын белгімді» ақтағанымға өте қатты қуандым. ҰБТ-дан да қанағаттанарлық балл жинадым. Енді мамандық таңдауым қажет болды. Мен басынан Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде оқығым келді. Басқа университеттерге қызықпадым. Joo.kz, Instagram желілерінен университет туралы мағлұматтармен танысып, фото-суреттерге қарап одан сайын қызығатынымын. Алғаш рет құжат тапсыруға барғанда университеттің әдемілігіне, тазалығына, қабырғаға ілінген биік-биік тұлғалардың фотосуреттеріне қарап таң қалдым. М.Өтемісов атындағы БҚУ-іне түскен кезде менен асқан бақытты адам болмаған шығар! Өте қатты қуандым. Қазақстан студенттерінің Алянсы ЖОО рейтингісін шығарған болатын. Сонда М.Өтемісов атындағы БҚУ Қазақстандағы ең үздік жоғары оқу орындарының бірі болып табылды. Осындай үздік университетте оқытынымды мақтанышпен айта аламын.



Құттықтаймыз!

Семей қаласындағы Әлихан Бөкейхан университеті қолдауымен Шығыс Қазақстан облыстық жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Тарих ақтаңдақтары» саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жобасы аясында Жоғары оқу орындары студенттерінің арасында өткізілген



Республикалық ғылыми жобалар байқауына тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Б.С.Боранбаеваның жетекшілігімен қатысып, «1941 жылы Орал облысында құрылған антикеңестік «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымы атты тақырыпта баяндама жасаған Тарих, экономика және құқық факультеті Тарих мамандығының 4 курс студенті Жайланова Гүлғасыл I орынға ие болып, 100 000 тенге жұлде ұтып алды.

Гүлғасыл, мерейсіз құтты болсын! Бұл, сенің ғылым жолыңдағы жеңістеріңнің бастамасы болсын деп тілейміз !!!

Кітапхана – білім мен ғылым ордасы. Бұл демалуға, ойлануға, әрине көп нәрсе білуге болатын жер. Кітапхана – ғылым отаны. Біздің М.Өтемісов атындағы БҚУ-да да кітап қоры мен көлемі жөнінен алдыңғы қатардан орын алар үлкен ұжым бар. Әлімбаекерова Тоты Еркінқызы бастаған ұжым, қашан да студенттер мен кітапхана байланысы бағытында тынымсыз еңбек етіп келеді. Құрметті, Тоты Еркінқызы және кітапхана ұдымы! Сіздерді кітапханашылар күнімен құттықтаймыз! Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ – береке, еңбектеріңізге шығармашылық табыстар тілейміз!

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР Өңделеді. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті. Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 14.06.1995 ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021 ж. қайта есепке алу туралы № КЗ27VPY00033105 куәлігі берілген. Таралымы 800. Тапсырыс № 1100

РЕДАКТОР: Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІЛЕР: Дария ДЖУМАГАЛИЕВА, Шұғыла ЕҢСЕП, Гүлсезім СЕРІКБАЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН: Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

ИП «Старков С.А.»

баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ауельбеков көшесі, 98. Тел.: 8-716-2-25-14-90